

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

---

# АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

V том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология, өдебиеттану және әлем тілдері факультетінің ғылыми кеңесі жөнен*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жасындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (торага), Ф. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков,

А. Жаксылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ә. Тарап,

А. Темірболатова, Ж. Тілеев, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жаупты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Қ. Мәдібаев*

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Дәдебаев*

### **Құрастырыш, түсінкітерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жаупты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор *Ж. Молдабеков*

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. V том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жаупты ред. Ә. Тарап; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 283 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)**

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүл Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен анылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы когамдық және гуманитарлық, ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сыйнидан еткен, ғылыми қауым мен көшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көшілікке арналған.

В томға енгег таңдамалы еңбектер елдің ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жасындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

## АБАЙ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МЕН АЛЛА БОЛМЫСЫ

### Алла болмысы және оны тану

Қазақ топырағында Абайға шейін Алланы тану мәселесімен шұғылданған ойшыл болмаған. Өзін сопылармын деп атаған тақуалар (әулиелер) да «Алла бір, пайғамбар хак» деп мәселені нақты қоймаған. Бір сөзben айтканда, сенім мен таным арасы ажыратылмаған. Абай болса, Аллаға сену мен оны тану бір ұғым деп қарамайды. Сенім – діни қағида, таным – гносеологиялық ұғым. Алғашқысы, діни идеологияға негіз болса, соңғысы діни философияның категориясы. Бірақ, Аллаға сену және оны тану мәселелері – діни сана ауқымындағы ұғымдар. Сондықтан осы проблемалармен айналысқан, пікір айтқан адамдарды біз, бүгінгі күні діни ойшылдар деп жүрміз. Олай болса, Абай да діни ойшыл (философ).

Абай – Алланың насихатшысы емес, оны зерттеуші, танушы ойшыл.

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас», – деп Абай мәселені діни сана ауқымында қарастырып, бірақ, Алланың растығына айрықша көңіл бөлген. Рас деген – қандай болмасын заттың, құбылыстың мәнін әрі сапалық мөлшерін білдіре алатын өлшем. Заттың рас болуы да, болмауы да мүмкін. Алғашқыда рас болып айқындалған зат келе-келе рас емеске айналуы ықтимал. Бірақ рас заттың рас емеске өтүі де ықтимал. Демек, растың бір-ақ мәні бар, ол – оның растығы. Бұл – «рас» ұғымының бір қыры.

«Растың» екінші қырына келсек, онда оның растығын тану мәселесіне тірелеміз. Растың растығын тани алмасақ, ол жөнінде не айтуға болады? Онда Алланың барлығына сенуден басқа амал жоқ. Бірақ Абай Алланы рас дегенде, оны ақықат деп отырған жоқ, танылатын мүмкіндік болмыс ретінде қарастырған.

Абай өлеңінің екі жолында «расты» үш рет қолдануы тегін емес. Ол өлеңді қабылдаушының ойына өріс бергендей. Ақылың

бар, сана-сезімің бар – ойлан, түйсін. Алладан өзге қандай растық бар? Абай расқа үшінші жағынан келген. Ол – оның тарихи мәнділігі. «Алланың өзі де рас» осылай өткен тарихта да болған, қазір де солай, болашақта да солай бола бермек. Рас – бұл мәнінде мәңгіліктің өлшемі. Алла -рас демек, ол – мәңгілік шындық, оның растығы мәңгілігінде.

Растың төртінші қыры. Рас мәңгіліктің өлшемі дедік, бірақ болмыста өткінші жайлар да бар емес пе? Олардың барлығы да рас емес, «рас» дегенде біз мәңгілігін мойындаі отырып, сонымен бірге оның өткіншілігін мойындаамасқа болмайды. Сонда бүгінгі «рас» болған нәрсе, ертең «рас» емеске айналуы мүмкін бе? Жоқ «рас» емеске айналатын нағыз растың өзі емес, ол адамдардың «рас» пен «рас еместі» ажыратса алмағандықтарынан туған, жалған нәрсені «рас» деп қателесулері. Рас, әманда – рас. Сондықтан Алланың ешқашан жалған (рас емес) болуы мүмкін емес.

Абай өз замандастарын да, кейінгі ұрпақ біздерді де, Алла туралы сәл-пәл женіл әңгімeden аулақ болуға шақырған. «Алла деген сөз женіл, Аллаға ауыз жол емес» дейтіні сондықтан. Абай ұғымында ол «ақылға сыймас шындық», сондықтан ол Алла мен адам арасындағы жалғастыруыш күш – махаббат деген тоқтамға келген.

Денениң барша қуаты,  
Өнерге салар бар күшін.  
Жүректің ақыл суаты  
Махаббат қылса тәнірі үшін.

Алланың растығын Абай махаббат арқылы дәлелдемек болған, оның «махаббатсыз дүние бос» дейтіні де сондықтан.

Сонымен жалған болмайтын рас не дегендеге, Абай: ол – Алланың өзі және сөзі, – дейді. Бұл мәнінде «рас» – болмыстың синонимі. Әлемдегі рас, ол – болмыс. Болмыс ешуақытта жалған болмақ емес. Абай дүниетанымында Алла – шындық. Демек, шындық рас болса, Алла да рас. Шындық дегеніміз – қарапайым тілмен айтсақ – өмір, яғни өмірде бар екеніміз, істеген ісіміз,

сөйлеген сезіміз. Ол рас болса, онда Алланың сөзі де рас, өзі де рас. Қысқасы, шындықты мойындау – Алланы мойындау. Бұл – Абай шафқатының (гуманизмінің) көзі. Алла ісіне мойын ұсынып, мұсылман болудың Абай айтқан шарты – адамға адамшылықпен қарая.

Алла ішінді айтқызбай біледі, ойла,  
Пендерсіне қастық пен кінә қойма.  
Распенен таласпа мүмкін болсаң  
Ойла, айттым, адамдық атын жойма!

Үшінші жолдағы «Распенен таласпа...» деп отырғаны – ақынның Алла сөзіне күмәнданба дегені, себебі, Алла жолына түссен адам атынды жоймайсын. Алла жолында болсан, адамдықты жоймайсын. Абай сонымен Алланы абсолют – шындық ретінде ұсынып, ал оның сөзін жеткізушилер туралы өзгеше пікірде болады. Ол «замана, шаруа, міnez күнде өзгереді, оларға кез-кезімен нәби (пайғамбар) келді», – дейді. Міне, осы тұста Абай өзі айтқан Алла жолы мен пайғамбар жолының айрырына келеді. Нә билер келеді, кетеді, ал Алла – мәңгілік. Нә билердің келіп-кетуін Абай қалыпты жағдай деп түсіндірген. Өзгермейтін бір Алла, ол – абсолют. Өзгеретін – оны танушылар, оның құдіретіне бас июшілер. Адасатын – Алла емес, адамдар.

Енді «Алланың сөзі де рас...» деген мәселеге нә билерге қатысты тоқтала кетсек, Алла «еш жерде өзгермейтін» мәңгілік рас қалпында қалса, онда неге бірінен соң бір нә билер келмек? Алланың сөзі ешқашан өзгермек емес, бірақ, замана, шаруа, міnez өзгереді. Сол өзгерістерге сай «өлшемді сөзбен» кез-кезіне орай нәби келеді. Егер әр пайғамбар сөзі мәңгілік болса, ол нәби емес, Алла болғаны. Нә билер – Алла сөздерін жеткізушилер, олардың сөздерінде бір-бірімен қайшылық бар, себебі тағы қайталаймыз, пайғамбарлар сөзі де – шектеулі. Мөлшерсіз, өлшемсіз, шектеусіз тек Алла сөзі, қалғандардың сөздерінің бәрінде белгілі мөлшер бар. Байқайсыз ба, ақын «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ», – дейді. Алла туралы оның растиғынан өзге сөз айтудың еш қажеті жоқ. Ол мінсіз, әңгіме осымен аяқталуы керек. Пайғамбарға

мұндағай мінездеме беруге болмайды. Абай оны «хақ» дейді, себебі, ол Алла сөзін сөйлеуші, бірақ ол да өз кезегімен, Алла өмірімен келген, олай болса, оның да өзгеге кезек беруі ғажап емес. Абайдың дінге реформа жасау қажеттігін көре білгендігін, осы тұста мойындаған жөн. Әрине, «сонғы пайғамбар» деп аталған Мұхаммедке мұндағай құдік туғызы – діннен шығушылық. Өзі мұсылман бола тұрып, діннен шығарлық ой айтқан. Себебі, ол данышпан, оның ойлау деңгейі бір дін шенберінде шектелуі мүмкін емес. Бұл – Алла, нәби туралы Абайдың төл дүниетанымы. Ол ешкімді қайталап отырған жоқ, оқыған-түйгендерін өлең сөзben өз ой елегінен өткізіп, санасында салмақтаپ, халқына ұсынып отыр. Мұндағай ойларды айтудағы жауапкершілікті Абай жақсы білген, ол Алла туралы сөз жөніл деп отырған жоқ, қайта ұлы тақырыпқа тереңдеп, жаңаша ойлау жүйесін жасауға талпынған.

Ислам дінінде иман келтіріп, мұсылман атану үшін Алланың бір, пайғамбардың хактығын мойындау шарт. Абай бұл шартты бұзып отырған жоқ: «Алланың, пайғамбардың жолындамыз, ынтамызды бұзбастық иманымыз», – дейді. Бірақ Абай дүниетанымында Алланың орны бір басқа, пайғамбардың орны бір басқа. Ақын мәңгілік, өмір мәні туралы сөз қозғағанда тарихта аты-есімі бар жеке адамдарды негізге алмайды. Ол мәңгілік ұғымдарды қолданады. Олар – Алла мен Адам. Нә билер де – адамдар. Сондықтан Абай философиясында әдеттегі ислам дініндегідей Алла – расул – Адам болып келмейді, мұнда орта буын жоқ. Абай Алла мен Адам туралы айтады. Бұл – діни демократия. Адам дамуындағы кедергілерді жою. Алла шексіз, оны танымақ болсақ, өзінді де шексіз дамыта бер, сонда адамдық атынды жоймақ түгіл, көміл мұсылман болғандығын.

Абайдың айтуынша, Алла – өзінің әр пендесіне шамамен, мөлшермен, ізгілік, даналық беруші. Бірақ, Алла адамдарға осыларды гүлдендіріп, рауаж беріп, оларды пайдаға асыру ғана мүмкіндігін берген.

Осы мүмкіндіктерді адам қалайша іске асырмақ. Бұл жолда олар Алланың растығын мойындағай отырып, кімдердің сонынан ермек. Ондай ертушілер үшеу: пайғамбарлар, әулиелер және хакімдер.

Ал, «кәміл мұсылмандар» осы үшеуінің қайсысының сонынан еруі керек. Егер пайғамбарлар мен әулиелер айтқандай, құдайға құлшылық жолына түсіп, өз нәспілерін пида қылса, дүние ойран болмақ, себебі, «бұлай болғанда малды кім бағады, дүшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқиды, астықты кім егеді, дүниедегі Алланың пенделері үшін жаратқан қазыналарды кім іздейді». Сондықтан «кәміл мұсылмандарға» хакімдер қажет. Олар діни ұстазымыз болмаса да, құдайдың елшісі, Мұхаммед пайғамбарымыздың айтқаны бар: «Адамның жақсысы – адамға пайда келтірген адам». Хакімдер қызметі осы бағытта.

Абайдың осы ойлары ортодоксиялық ислам шеңберінен шығып жатыр. Ол Алланы танудан адамгершілік, ізгілік туралы ойлар тарқатқан. Оны Европада «гуманизм» деп атайды.

Абай ұғымында Алланы сую адамның жеке басындағы абзal қасиеттерді қастерлеу, адамгершілікті негізгі қафідаға айналдыру, ал ол үшін ең алдымен өзінді-өзің тазалауын қажет. Алланы сую – ізгілікке байланысты жол. Өзің күнәрек алкалап тұрып, Алланы сүйе алмайсың, алдымен күнәннан арыл, өзінді-өзің ластан арши, одан кейін барып хақ жолына түс. Бұл жолға түссен бойындағы қуатың, ақылың, сезімің өріс алмақ, санаң сәулеленбек. Алланың сүйікті құлы болуга Абай адам бостандығы үшін шақырады. Адамның жеке басының бостандығы оған тән жақсы қасиеттерді дамытқандаған барып болатынын ақын жақсы білген.

Абай ұғымында Аллаға жетудің жолы көп. Адам баласы нәсіліне, дініне қарамастан, тұптің тубінде тоғысуы, тіл табысуы ықтимал. Ол үшін әлемде хакімдер сөзі үstem болып, олар билік жүргізсе, сол заман Алланың растығын мойындау заманы болмақ.

Абай әлемдегі өзгерісті мойындаған. Оның пікірінше, дүние бір қалыпта тұrmайды, ол күнде өзгереді.

Қозғалыстың түбірі «қозғау» десек, онда Абай қолданған «өзгеріс» деген ұғымға қарағанда «қозғалыс» тым қарабайыр түсінік. Қозғалыстың түбірі «қозғау болса, қозғалыс – өзінен-өзі өрбитін құбылыс емес, біреудің күші, әлде ненің әсері арқылы болатын таза механикалық сипат алған. Ал, бізге керегі – қозғалыс деген ұғымның сыры ішінде болуы, өзінен-өзі қозғалыста болуы.

Қозғалыс болған соң ол әмәнда қозғалыста болады. Бұл мәңгілік қозғалыстың сыры ішінде, оның адамға бимәлім болғандығын мойындау керек. Осы мәнде алғанда, қозғалыс дегенге қарағанда, Абай айтқан «өзгеріс» әлде қайда мазмұнды. Себебі, ақын адамзат күнде өзгергенде, замана күнде өзгергенде, күллі мақлұқ өзгергенде біреудің ықтиярымен, еркімен болып отырған жоқ. Бұл өзгеріс өзінен-өзі болып отырған. Абай оның себебін ашпаған. Егер ақын осы ұғымға сұнғы берсе, өлең емес, философиялық трактат жазған болар еді. Абай ақын, ол өзінің ақындық қызметін атқарған. Өзгерісте болатын дүние туралы өлең жазған. Оны түсіну, түсіндіру – біздің міндет.

Күллі мақлұтың, заманның, адамзаттың өзгерісте болуының өз ішкі себебі бар. Қысқаша айтқанда, өзгеріс деген – тұрмыс, тіршілікке ынталану, өмір сүрге талпыныс. Бұл қасиет табиғаттың өзінің бергені. Демек, «өзгеріс» дегендеге оның себебін, табиғатын өзінен тапқан. Өзгерісті ешкім ақылмен жасамайды, ол – болмай қоймайтын қажетті іс. Өзгерісті бұлайша қабылдау – оны философиялық ұғым деп мойындау.

Екіншіден, ақын өлеңді қабылдауда бір жұмбақ проблема ұсынып тұр. Дүниеде өзгеретіндер бар да өзгермейтіндер бар. Абайдың мына ойларына назар аударалық:

«Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер...»  
«Қағида шаригаты өзгерсе де,  
Тағриф Алла еш жерде езгермейді».  
«Күллі мақлұқ өзгерер, алла өзгермес...»

Абай Алланың өзгермейтінін нақтылап, басын ашып айтқан. Сонда Аллада шаруалы мінездің болмаганы гой. Алла туралы өлшем мен Адам туралы өлшемнің мәні екі басқа болғаны ма? Алла мен Адамға ортақ өгеріс зандылық жоқ па, неге Абай оны айтқысы келмейді? Алла – Абай ұғымында абсолют мәңгіліктің есімі. Онда өзгелер – өзгеріске түсे беретіндер. Сейтіп біз өзгерістің абсолюттік және шарттылық қасиеттерін түсінуге тірелдік. Бұл қазіргі ғылымда және философияда бар. Оқулықтарда тек қана «өзгеріс» демей «қозғалыс» деп журміз.

Абай өзгеріс туралы неге қадалып айтып отыр, оның себебі күнде өзгерген заманға жол бастар – көсем керектігі.

Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді,  
Оларға кез-кезімен нәби келді.

Өзгеріс тек қуаныш емес, қайғы, адасу, қауіп әкелуі мүмкін, сол үшін әр заманға кез-кезімен нәби (пайғамбар) келеді. Пайғамбар деп өз заманының санасын өзгертіп, жаңа ойлау жүйесін жасайтын тұлғаны айтамыз.

Адамзат баласына Адам ғаләйіссәлам бастан келген пайғамбарлардың нақ санын бір Алла біледі, ал Құранда аттары аталған пайғамбарлар көп.

Нә билер кез-кезімен келіп, Алла атынан елшілік құрган-дықтан Абайдың Алланың қағида шариғаты өзгереді деуіне дәлел бар. Ал сөздің турасына келсек, Алланың қағида шариғаты өзгереді деуінің өзі діннен шығушылық. Алла өзгермейді дей тұра, оның шариғаты өзгереді дейміз. Қайшылық өзгерістің өзінде. Өзгеріс дегеніміздің өзі – қайшылықты құбылыс. Бір жағынан ол мәнгілік (өзгермейтін Алла), екінші жағынан ол әманда өзгерісте (адамзат, заман, шаруа, мінез, күллі мақлұқ). Мәселе – қыындығы өзгермейтін Алла мен өзгермелі дүние арасындағы байланыста.

Алла өзгермегенмен, оның күнде өзгеріп жатқан адамзатқа айтар сөзі өзгеруі шарт. Олай болғанда Алла мен Адамзат байланысы үзіледі. Сол үшін нә билер бірінен соң бірі келмек. Әр нәби өз дүнистанымымен келгенмен, анығында айтар сөзі біреу-ақ, ол – Алланың растығы. Басқа айтар сөз жоқ. Абайдың Алла өзгермес деп отырғаны міне осы мәнде.

Алла – ақиқат, оны тану керек. Тану жолы көп. Нә билердің айтып жүргені – сол жолдар. Түптің түбінде оның бәрі Алланың растығын қабылдауға бастан апарады. Абай Алла туралы ойларын тек ислам діні шенберінде қарастырмай, оны кең мағынада алған. Бұл діндерге жасалған реформалық әрекет деп қарауға әбден болады. Себебі, біз бүгінгі күндері мұсылмандық деген ұғымға «өзгерген түсінікпен» келуіміз қажет. Абай діні ойтолғамынан Адамға қызмет ететін асыл қасиеттерді уағыздай-

тын ұғым-түсініктер іздеген, таппаған не жетіспеген жерлерін өз ойымен толықтырған. Оған дәлел осы біз талдаң отырған өлең.

Өмір мен болмыс мәні туралы толғана келіп, Абай:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты».

Сен де сүй, ол Алланы жаңнан тәтті.

Алла – ислам дінінде құдай есімі. Алланы суюге насхаттаушылар Абайға шейін де көп болған. Ақынның айтып отырганы сен Алланы адамзатты махаббатпен жаратқаны үшін сүй деп отыр. Демек, мәселе махаббатқа тірелген.

Абай бұл тұста махаббатты Адамға емес Аллаға қатысты айтып отыр. Алла адамзатты махаббатпен жаратқан. Олай болса, махаббат – Адамға шейін болған шындық. Демек, махаббаттың субъектісі – Алла, Алланың құдіреті, қуаты, рухы. Бірақ ол әлі де танылмаған, сезілген тылсым, әзірше шындыққа айналмаған мүмкіндік.

Бұл тылсым, Алла құдіреті адамзатты жаратқанда айқындалмақ, сонда махаббат – Алланың көріну, айқындалу формасы. Алла өз әрекестімен, яғни махаббатпен адамзатты жаратқаны арқылы танылып отыр. Біз оның өзге қажеті, сипатты туралы сөз қозғамаймыз, себебі, білмейміз, Алланың өзге қасиеті біз үшін құпия.

Осы Алланың бір ғана ажырамас қасиетін танудың өзі – әр адам санасына салмақ салатын іс. Алланың жаратушы екенін мойындау адам ақылына тұғыр, ойына өріс береді.

Адам Алланы «мүмкін бар шындық» деген дәрежеде қабылдай алады, одан әріге оның сол дәрежедегі санасы, ақылы жетпейді. Өлшеулі ақыл өлшеусіз Алланы танымаған емес. Алла Адамға нақтылы сана берген. Ол – өзінің Адамзатты махаббатпен жаратқаны туралы ақиқат.

Адамзат жаратылғаннан кейін махаббат Алланың көріну формасының бір ажырамас қасиетіне айналған. Адамзатты жаратқан Алла деу тым қарабайыр түсінік, дұрысы Абай айтқандай, Алла адамзатты өз махаббатымен жаратқан. Олай болса, Алланы жанымыздан да тәтті суюге біз парыздармыз. Алланы сую арқылы біз оған деген қарызымызды өтемекпіз.

Әлемдегі ешбір діні философия махаббат мәселесіне соқпай өтпеген. Христиан дінінде «құдай дегеніміз – махаббат» деген қағида бар. Махаббат туралы ілімдердің негізгі түп-тамырлары тоғысатынына еш танқалуға болмайды. Себебі, махаббат – адамдық өлшемнің белгісі. Абайдың «махаббатсыз – дүние бос» дейтіні де содан. Махаббат туралы ой міндettі түрде өмірдің мәніне, болмысына бастап апарады.

«Махаббат философиясында», байқап отырсыз, тақуалық басым. Адам Аллаға махаббатын білдіргеннен өзге әрекетпен айналыспауы шарт. Бұны Абай ұғымға, ал «махаббат философиясын» Алланы тану құралы ретінде қабылдаған. Абай тақуалық (аскеттік) емес, өміршендік ирагматикалық философияны жақтаған. Ол Алланы сүюге шақырғанда адамның өзін-өзі танып, тазаруын мақсат тұтқан. Өзін-өзі танушы жан өзгеге бөгде көзқараспен қарауды мүмкін емес.

«Махаббат философиясы» – араб-парсы, Орта Азия және Қазақстан әдебиеті мен мәдениетінің орасан дамуына ықпал жасаған дүниестаным. Себебі, махаббатты жырлау әдебиет пен өнерде демократияның, еркін ойдың өрісі болды. Сондықтан да ортағасырдағы араб-парсы поэзиясына әлемде еш елдің поэзиясы тең келмейді. Міне, осы даму ислам діні шенберінде болған.

«Махаббат философиясы» исламның дертке ұшыраған кезінен сауықтырған болатын. Абай заманындағы казақ түрмисында ислам саяси дертке ұшыраған еді. Данышпан Абай дінге тағы бір тың көзқарас экелетінін сезген, оның есімі Алланы тану мәселесіне сыйған. Себебі, Алланы тану – адамның өзін-өзі тануға бастайтын жол.

Абай махаббат адамның жарамсыз қылыштарынан тазаратын күш екеніне кәміл сенген. Бірақ қазақ даласына «махаббат философиясы», «махаббат поэзиясы» ретінде сінген болатын. Алла мен Адам арасындағы махаббат әйел мен ерек арасындағы махаббатқа ауыскан. Солай болғанымен мәселенің түп қазығы сол қалпында, яғни адам бойындағы асыл қасиеттерді саудаға салмау. Адамдардың (қызың бер жігіттің) бір-біріне қалтқысыз берілуі, ғашық болуы – нағыз құдай жолы.

Ғашықтық тақырыбы қисса-қисса болып Шығыстан да келіп жатты. Өз ақындарымыз да жырлап жатты, ел жаттап алып айтатын болды. Сөйтіп, «махаббат философиясы» поэзия арқылы қазақ санасына сіністі. Ғашықтық сезімін қыз жігітке, жігіт қызға арнайды. Махаббат адамдар сезіміне ауысты. Алайда тақуашылық, яғни махаббат үшін өзін құрбан етуге, өмірін арнауга апарды. Ғашықтық жырларда екі жастың бақытқа жетуі өте сирек болды. Қебіне ғашық болғандар мерт болады. Мысалы, Қозы Қерпеш пен Баян сұлу, Төлеген мен Жібек. Демек, махаббат үшін құрбан болу – «махаббат философиясынан» қалған дәстүр. Бұл еуропа халықтарында ешбір болмаган.

Махаббат – Алланың қасиеті, сипаты ретінде шексіз, өлшеусіз шындық. Демек, ол туралы наным да – шексіз. Махаббат – мәнгі сарқылмайтын тақырып.

Өмірдің мәні махаббатта. Келе-келе адамның Аллаға махаббаты, рух махаббаты және тән махаббаты болып бөлінген. Ол туралы Абай «ғашықтық, құмарлық – ол екі жол», – деп нақты айтқан, себебі құмарлық негізінде нәпсі деген бар.

Аллада мін жоқ, мін – адамда. Мәселенің нақ осылай болуы да – Алла әмірі. Олай болса, адамға ақыл мен мінді қоса берген – Алланың өзі. Демек, Алла мінсіз болғанымен оның жаратқан мақұлығы мінді болса кінә кімде? Бұл сұраққа жауапты данышпандар жазған том-том кітаптардан қиналып іздеудің еш қажеті жоқ. Оған жауапты Абайдың өзі берген.

«Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ», – дей келіп, адамның мінді болатын жайларына тоқталған:

Мүмин болсан, үйреніп сен де ұқсап,  
Күран рас, Алланың сөзі дүр ол,  
Тәүіліне жетерлік ғылымның шак.

Бұл жерде Алланың мінсіз, пайғамбардың хақ екендігін түсініп, мойындал, қабылдауың керек. Оны жасамасан, оған ақылың, санаң, сезімің жетпесе, мінді боласын. Мұндай талап Алла жаратқан адамнан өзге мақұлықтарға қойылмайды. Оларда сана еркіндігі жоқ, оларға сана қажет емес. Олардың бар

болмысы – өмір сүру, атап айтқанда, хайуандық тұрмыс кешу. Ал адамдарға өмір иесі Алланы, оның мінсіз екендігін тану – парыз. Алланың сөзін құранды, ғылымың жетсе ұқ, егер шамаң жетпесе ғылыммен айналыс. Демек, тек тұрмастан өзге адамға қатысты іспен айналыс. Міне, осы тұста адам мінсіз болып тұра алмайды. Онда қызығушылық, құмарлық, жалқаулық, айуандық мінездер бар. Оларды да адамға Алла берген.

Алла өзі мінсіз болғанымен, адам – мінді. Бұл да қажеттіліктен туған. Егер Алласымен қоса Адам да мінсіз болса, не болмақ? Онда Алла мен Адам арасында өзгешелік бола ма? Соңдықтан Алланың мінсіз, адамның мінді болғаны жөн, соңда өмір болмақ, мәселелер туындақ, жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен әділеттілік, адамгершілік пен айуандық сияқты ұғымдар тайталасып, қысқасы өмірге құмарлық, қызығушылық болмақ.

Алла пендесіне ерік берген. Оны қалай өрбіту қажеттілігін адамның өзі шешкен. Осы жолда адамдар әманда адасқандықтан Алла өз нәбілерін жіберіп отырған. Соңғы нәби – біздің пайғамбарымыз Мұхаммед. Абайдың пайғамбар хақ деп отырғаны – осы Мұхаммед-нәби.

Әрине, Алла мінсіз болса, оның адамдарға жіберген өлшемі пайғамбардың хақ екені даусыз. Алла қателеспейді, адасатын адам – оған жөн көрсетіп, жол сілтейтін – пайғамбар, соңдықтан ол – хақ. Бірақ «хақ» деген мәселе ақиқат деген ұғымды бермейді. Себебі, ақиқат иесі де, нақты өзі де – Алла. Пайғамбар сол ақиқатты, Алла сөзін жеткізуі, олай болса әр пайғамбарға заманына орай Алла тағала қажетті ғана ақиқатты адамдарға жеткізуді тапсырып отырған. Адамдарға бар ақиқаттың қажеті жоқ, олар онымен не істерін білмей шатасады. Адамдарға адасып тұрған сәтінде сол күйден алып шығатын ғана «қажетті шындық керек». Осы істі атқарушы пайғамбарды «хақ» деп мойындау – міндет.

Алла – ақиқат, мінсіз, пайғамбар хақ, ол адамдарға «қажетті шындықты» жеткізуіші. Адам – осы жайларды ұғушы, қабылдаушы, соған қарай сенімге енуші жер иесі, өмір иесі. Себебі, Алла да, пайғамбар да Адам үшін қажет, керісінше емес. Жер бетінде Адам болса ғана «Алла мінсіз, пайғамбар хақ» деген ұғым, сенім

қажет. Бұл ұғым адамның да мінсіз болуына ынталануы үшін керек. Осы жайды ақын қатты ескертеді.

Демек, адамның мінді болуы – Алла жолынан тайып, күнәлі болды деген сөз. «Мін» мен «күнә» деген ұғымдарды осы мәнде Абай синоним ретінде қолданған. Бірақ, Алла адамға өзі ерік берген соң, ол пенделікке бармай тұра алмайды. Пенде дегеніміз – бойында міні, күнәсі бар адам. Өмірде пенделікке бармаған, мойнына күнә артпаған адам сірә да бола қоймас. Адамның, дүниенің өрт қызығынан безініп, тақуалық (әулиелік) жолға түсінің өзі – күнәсінен тазару үшін жасалған гибадат. Әулиеліктің өзі – бір жақты ұғым. Неге десеніз, тек жаратқанға сыйынып, дүние қызығын тәркі етіп, мұлдем тақуалыққа тұсу бүтіндей ақиқат жолы емес. Адам үшін ең басты ақиқат – өзіне лайықты өмір сұру. Айталақ, жер жыртып егін егу, әйел алып пенде болып ұрпақ өсіру т.б. Бұл жолда адам адасады, шаршайды, қамығады, қуанады, оның қайсыбірі жақсылыққа, қайсыбірі жамандыққа жетелейді. Бұның бәрі – заңды. Ал, осы қым-қигаш болмыста Алланың мінсіз, пайғамбардың хақ екенін мойындау адам санасына соғуле түсіреді, көніліне өріс береді. Бірақ ол үшін Алла туралы тек сенім ғана қалыптаспай, оны терең тануға талпыныс жасау керек. Сананы сенім өсірмейді, оны дамыттын таным. Алланы тану, шындықты тану, оның керемет құпиясын ашу, ақиқатты аңғару, Алланың сырлы бізге беймәлім, тылсым.

Біз терең түсініксіз, адамның ақылы мен сезімі жетпейтін құпияны тылсым дейміз. Тылсым болмаса, түсінікті нәрсе болмас еді. Себебі, түсінікті нәрсе түсініксіздік болғандықтан ғана өмір сүреді. Түсінікке ең қарапайым анықтама берсек, былай: Адам өзіне беймәлім құбылысты қабылдаап, ол туралы өзіндік сана қалыптастырады, оны біз түсінік дейміз. Түсінік қабылдаушыға байланысты әрі субъективтік, әрі объективтік мәнге ие болады. Әрине, түсініктің былайша болуы шартты, әйтпегенде таза субъективті түсінік жоқ. Көбіне мәселе беймәлім құбылысты менгеруге байланысты. Субъект тылсым сырын қай денгейде менгереді, содан түсінік қалыптасады. Түсініктің үстірт, оның қайшылықты болуы тылсым сырын паралтаудан туады.

Тылсымның сыры тек өзіне белгілі. Оны адам баласы ешқашан менгерген емес. Тылсым шындық емес. Ол – әманда өзгерістегі шындық. Өзі сияқты сыры да құбылмалы. Оның өзгерісінің құпиясы өзіне ғана белгілі. Тылсымға қарсы құрақ қою – мәнсіз іс. Оның өз себебі өзінде. Құрақ Адамға, оның түсінігіне орай қойылады. Құраққа жауап беруші де, құрақтың өзін қоюшы да – адам. Дүние болмысын танып, түсінбей жүрген де – Адам. Дүниеге ынтық жан да – адам. Құрақ қоюшылар – өмірге ынтық жандар. Ынтықтар тылсымға қатысты. Өмірге ынтық жан тылсым сырына ғашық, сол үшін ол ғұмырын сарп етуші. Тылсымға бас ию, соқыр сенім емес, ол шексіздікті мойындау. Шынында, шексіздікке шек қою, оны шексіз деу қысқа ақылдылықта ойлау мүмкіндігінің жоқтығында. Тылсым осындағы өз сыры өзінде болған соң, көптеген ғұламалар, көсемдер, нәбілер оны белгілі бір мәнге айналдырып, мазмұнға ие етуге талпынған. Бірақ бұл ынта-тілектердің барлығы заман көшіне шыдамай ескіре берген.

Тылсым туралы шындықтың бет-пердесі ашылатын заман болды деп айта алмаймыз. Егер тылсымды тану мүмкін болса, онда ол тылсым болудан қалады. Сонымен тылсымның өзімен-өзі болуы өзіне лайық, оның тылсым екенін сезіну адамдарға лайық. Тылсым – адамның қасиетін сактайтын күш. Адам өзінің құдіретіне дәрменсіздігін тылсыммен бетпе-бет келгенде сезінеді. Адам құдіреті тылсымның бар екенін мойындаушылығында, ал оның дәрменсіздігі тылсымның сырын аша алмай әуре-сарсанға түсінде. Дегенмен, Адамды өмірге ғашық етер күш есімі – Тылсым. Тылсым – мінсіз Алланың сыры.

Абай – «мұсылмандық», «иман» деген ұғымдарға терен талдау жасаган ойшыл. Оны осы «ұш сую» деген түсінік арқылы қарастыралық. Ақынның айтып отырған бірінші суюі:

«Сен де сүй, ол алланы жаңнан тәтті», яғни әңгіме Алла тағаланы сую туралы (ол жөнінде «махаббатпен жаратқан адамзатты» деген сөзде айтқан болатынбыз). Екіншіден, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп». Яғни, бүкіл адам баласын дініне, тіліне, тегіне, тұр-түсіне қарамай сую керек. Үшіншіден: Алланы, адамзатты сую дәстүрін хақ жолы әділеттілік жол деп әділдікті

сую дейді. Осы үш сүюді ақын имани гүл дей келе, ойын былайша өрбітеді: Ойлан-дағы үшеуін таратып бақ, Басты байла жолына, малың түгіл.

Осы мәселелерді шешіп, осындай жолға түссең – дінге енгенің, мұсылман болғаның. Егерде осы үш сүюді түсінбей тек ораза, намаз т. б. мұсылман парызымен ғана әуестенсөн, ол дін болмайды. Ол дінде ақынның өз тілімен сөйлейтін:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс,  
Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс.  
Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті,  
Кылғанменен тартымды бермес жеміс.

Абай – сөзсіз діни реформа жасау жағына араласа бастаған ойшыл. Ол қағидаға сеніп, соған сай қызмет етпеген жан. Не нәрсені болсын ақылға салып, оның өмірге қажеттілігіне қатты назар аударған. Өзініз ойланып көріңізші, қазактардың бодандыққа түсіп, ойлары ноқталанған заманың өзінде де, өзге халыққа, дінге наразылық білдірмейді. Керісінше, адамдардың түсінігін ансан, бік гуманизмге талпындырады.

Абай мұсылмандыққа, дінге адамдық өлшеммен келген. Адамға қажетті істің бәрі – мұсылмандық. Адамға қарсы әрекеттің бәрі – дінсіздік.

### **Адам мен Алла**

Адам туралы ерте заманнан бері айтылып келе жаткан аңыз да, ақиқат та көп. Мың сан ғұлама хакімдер, нә билер адам болмысы хакында не айтпады дейсің. Әлемде адамнан өзге құпия жоқ. Алла да, табиғат та адам арқылы ғана түсіндірілмек. Адам құпиясын ақтармақ болып нә билер, пайғамбарлар, жердегі құдайлар неше түрлі діндер ойлап тапты. Адамды дін арқылы, яғни оны өзге тыс құдірет арқылы түсіндіруге жасалған талпыныс адамзат санасында өз жемісін берді. Сонымен атақты-атақты діни жүйелер қалыптасты. Олардың дені адамды жаратушы, оның құпиясын сақтаушы бар деген қорытындыға тірелді. Сонымен адамның құпиясы өзінен тыс абстракцияға

айналып, оны адамның өзі зерттей бастады. Адам тура өзін емес, өзге күш – шындық арқылы зерттеуге кірісті. Міне, осы тұста «жалған өмір» және «мәңгілік өмір» деген қағидалар бой көрсетті. Сонда не жалған, не мәңгілік? Адам ғұмыры қысқа, қас пен көздің арасындағы, қас-қағым сәт. Демек, бұл сәт, жалған, ал мәңгілік деген не? Абай осы сауалға араласқан. Ол табиғат өлді, адам өлмейді деген қағида ұстанған. Мұны қалай түсінуге болады? Адам да табиғаттың жемісі, соның төсінде өніп-өскен саналы тіршілік иесі екендігі туралы пікір Абайға шейін белгілі болған. Ақын оны қабылдап отыр, яғни адам да табиғат, сонда өletін адамның «тәні». Осы адамның табиғаты, яғни тәні жалған ғұмырлық, ол табиғаттағы кезектесіп келетін қыс пен жаз, көктем мен күз сияқты өзгеріс заңына бағынып туады және өледі. Қазақ мұны ерте ұққан, «тумақ бар да өлмек бар», «өзекті жанға бір өлім» деп анық айтқан. Абай қазақтың бұл мақалдарын, ондағы айтылған әлемдік ойларды жақсы білген. Бірақ, қайталамаған. Ол адам емес, табиғат өлді дейді. Демек, өлген адамның өзі емес, оның жалған ғұмырға шақталған табиғаты, тәні. Абайдың айтуынша, адамның тәні өлгеннен кейін, ол «адам ойнап-куліп қайтып келмес» дейді. Демек, ол адам енді бұл жалған өмірде бұрынғы күйінде, қалпында өмір кешпек емес. Жалған ғұмыр жалғандығын жасады. Адамның табиғаты өлді. Адамды енді қазақ тілінде, «марқұм» деп атایмыз. Адам болмысының бір құбылысы мәңгілікке жабылды. Марқұмға біздің ортамызда орын жоқ. Оның орнын өзгелер басады. Бір адам о дүниелік болса, орнына жана ұрпақ келеді. Бұл әлемдік зандылық, оның сырына ешкім жеткен емес. Сырына жете алмаған дәрменсіз сана осы адамның о дүниелік болуын да, Абай айтқандай, білместіктен «өлді» деп атаған. Тәннің өлүі, жаннның қеудеден шығуы, адамның рухының өлгенні емес, акын «мен» өлгенмен «менікі» өлмек емес дейді.

Өмір болмысын, адам болмысын барша жүртқа түсінуге Алла тағала жазбаған. Ол – ерекшелердің үлесі. Сондай дананың бірі Абай: «мені» мен «менікінің» айрылғанын, «өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес», – дейді. Эрине «мені» мен «менікінің» айрылғанын түсінүү үшін «мен» дегеннің не екенін ақылға салайық.

Абайдың «мен» деп отырғаны – адамның тәні, табиғаты. «Мен» деген ұғым тек адамға қатысты қолданылады. Ол жан-жануарларға беймәлім, олардың «мені» жоқ. Табиғат оларға «менді» бермеген. Әр адамның өз «мені» бар. Сонда «мен» деген – тек табиғат емес, ол сана көрінісі, оның өлшемі. Әркімнің «мені» сол субъекттің танымының сатысы. Алланы тануға немесе табиғатты тануға көтерілген жануардың «мені» туралы айтып отырмын.

Абай «менінде» үш мән бар: тән, жан, рух. Тән жалғандық, ол биологиялық заңдылықтарға бағынышты. Ислам діні адамның тән тазалығына қатты көніл бөлгенді. Тәні таза адамның – жаны да таза. Рух тән тазалығын қажет етеді. Тәні сау адамның – жаны да сау. Осы тән тазалығына әркімнің «мені» ие. Адам өз болмысына жауапты, бұл жауаптылық оның «мені» арқылы айқындалмақ.

«Мен» деген адам болмысын бейнелейтін философиялық ұғым, демек, ол тек тәнге немесе жанға қатысты емес, ол рухтың да өлшемі, «мен» тән, жан, рухтың синтезі. Ақынның «мені» тән, жан және рухтың өткінші сипаттың білдіреді. Тән өлген соң жан және рух өзге қүйге көшеді. Енді «мені» мен «менікі» айырылады. Табиғат (тән) өлген соң, жан мен рух өздеріне өзгеше өмір сүру формасын іздейді. Тәннен айырылғанымен олар объективтік мазмұндарын жоймайды. Керісінше, олар мәнгілік мазмұнға ие болып, шексіз шындықпен бірігіп кетеді. Алайда, олардың қандай да формада өмір сүретіні – бізге (адамдарға) жұмбақ. Адамдардың қеудесінен жан «ұшып» шыққаннан кейін, рух, «аруақ» қүйіне көшеді деп болжамдар жасайды. Бұл турасында әр халық, әр дін өздерінше ұғым қалыптастырған. Оның бәрі болжамнан аспайды. Адамға рухтың болмысын тану берілмеген. Сондықтан да ғұлама Платон рухты идея ретінде қабылдауға шақырған. Идеяның ерекшелігі – танымның алғашқы себебі, қажет десеніз, қозғаушы күші. Бар болғаны сол. Идеяны туғызған себепті іздең босқа таусылудың еш қажеті жоқ, оның себебін өз ішінен іздеу керек. Абай ұғымында Алла идея, демек, Алла неге пайда болған, қалай пайда болған дегенді қарастырудың еш қажеті жоқ. Ал, идея – Алланың өзіне тән себеп, сипаттарын

тануга адам баласына жол ашық. Адам танымы Алладан асып жығыла алмайды. Таным мүмкіндігі Аллаға шейінгі жол. Мұны Батыс Еуропада «мистика» деп атайды. Ал, шынында адамның «мені» мен «менікі» айрылғанда мойындастын ақиқатымыз осы. Өйткені, «мен» жойылғанмен «менікі» жойылмақ емес. «Менікі» жойылса, өмірдің мәні жойылмақ, сүрген өміріміз, атқарған ісіміз, жасаған жақсылығымыз, өсірген ұрпағымыз, бәрі-бәрі қажетсіз болып қалған болар еді. Жоқ олай емес, «мен» (табиғат) өлмек, ал «менікі» (рух) өлмек емес. Адам жер бетінде толып жатқан діндер, әлемдік философиялық жүйелер, тұжырымдамалар құруға мәжбүр болды. «Мені» мен «менікінің» ажыратылатынын адамдар ерте заманнан-ақ білген, сезген, түсінген, бірақ оның анық-қанығына ақылмен (логикамен) жету мүмкін болмай келді. Әлем тарихында қаншама ғұлама өтті, бәрін де осы ой толғантқан. Әркім өзінше айтты. Бірақ ақиқатқа жеткен ешқайсысы жоқ. Абай да ақиқатқа жетіп отырған жоқ. Оның айтып отырғаны философтарға жаңалық та емес, алайда «өмір» мен «өлім» туралы қазақ санасында сіністі болған түсініктерді сынап отыр. Ақын мәселені теренген мензеген. «Мені» мен «менікінің» айрылуы туралы проблема қазақ этносына ислам философиясынан, араб-парсы мәдениетінен бұрын белгілі болған. Түрік халықтарында «аруақ» деген түсінік, олардың дүниетанымының негізгі арқауы болған. «Күлтегін» жырында адам өлді демейді, ұша берді дейді. Демек, адам Абай айтқан «менікі» күйіне көшіп, тәнірімен тұтасып кете барған. Түркілерде Тәнір, Әруақ дегендер – әлемнің тұтастығын білдіретін ұғымдар. Олар адамнан тыс емес, оның әлемдік өлшемдері.

Абай ұғымында адамды «өлді» деп ат қою білмestік. Рас, адамды қеудесінен жаны шыққан соң «өлді» деп ұмыту, оны санаттан шығарып тастау, адамшылық қағидасына кереғар түсінік-ұғымдар қалыптастырды. Ол – адамды құрметтеуге бастайтын жол. Ал, құрмет – адамға ғана лайықлауазым. Бүкіл әлемде тек адам ғана құрметті. Бұл ұғым адамнан өзгеге қолданылмайды және қолдануға болмайды. Осы құрмет «мені» мен «менікі» айрылғанда да жойылмауы керек. Тірі адамды қалай құрметтеу

еш кемшіліксіз болуы керек. Адам өлмейді, оның жаны тәнінен бөлініп, болмысы рухқа айналады. Осы қағиданы Абай бір-ак ауыз өлеңмен тап-түйнақтай етіп өрнектеп берген.

Олсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-кулмес.  
«Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
«Олді» деп ат қойыпты өңкей білмес.

Біз тарихты жеке тұлғалар (ұлы көсемдер, хандар, патшалар, қолбасшылар т. б.) жасамайды, тарихтың қозғаушы күші – халық деген санамен өскен ұрпақтыз.

Халық деген мағыналы әрі қажетті сез. «Халық айтса қалпы айтпайды» деген мақал да тегін шықпаған. Бірақ, біздің халық туралы түсінігіміз шалалау. Халық деп материалдық игіліктерді өндірушілерді айтып жүрміз. Асылында халық ауқымды түсінік, оған ел билеуші хан, патшадан бастап малышға шейін бәрі енеді.

Бір халықты қанауышылар және қаналушылар деп бөлу – көпе-көрнеу зорлық. Халық – белгілі бір этникалық тұтастықты білдіретін ұғым. Оны бөлшектеген кезде халық деген жойылады. Осы тұста ескере кететін жәй, әр халықтың өзіне лайықты басшысы, өзіне сай азаматы болмақ. Біз кейде отырып алып, әлде бір халықтың саясатына не өкімет басшысына кінә тағып жатамыз, ол кате, себебі әрбір халықтың өз бітім-болмысына, салт-санасына, ұғым-түсінігіне сай басшысы болады. Осы мәселе туралы Абай отыз жетінші қара сөзінде былай деп түйін жасаған: «Адам баласын заманы өсіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват».

Кеңес өкіметі жылдарында халық деген ұғымнан хан, бай, би, батыр, хазірет т. б. алынып тасталды. Бұларсыз халық болушы ма еді, әрине жоқ. Халық деген ұғымды жүрдай етіп, бір жақты түсіну Абай заманында да болған. «Сібір қырғыздарын басқару» туралы патшаның 1822-жарлығынан кейін қазақ шын мәнінде халық болу құқынан айрылған болатын. Халық болуы үшін Асанқайғы айтқан «халық қысымы», яғни оның саяси бас еркіндігі, өз мемлекеті болуы шарт. Өзін-өзі басқара алмаған жүртты халық

деп атаяу қын. Халық еркі оның өзін-өзі басқаруынан көрінеді. Өз ханы, өз би болмаған қазақ жүрті азып-тоза бастады. Міне, осы халді Абай терен аңғарған, «халық» деген ұғымнан «көп» деген ұғымды мейлінше айрықша айқындалап берген. Ақын көпті образ түрінде нәлге теңеиді. Еденица болмаса өңкей нәл не болмақ? Нәлдің қасына нәлдер қоя берсең еш мағына шықпайды. Оған мән беретін единица. Сондықтан Абай «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел», – деген корытындыға келген.

Абайдың «көп» деп айтылған сөз мәнісін, өзімізге жақын түсінікке айналдыrsaқ, оның «люмпен», «толпа» деген баламасы бар. Алайда, ақын «тобыр» демей «көп» деп айтқан. Мұнда да бір мәніс барға ұқсайды. «Көп», сірә, «тобыр» дегеннен мағынасы өзгеше болса керек. Оған дәлел, Абай «көп» деген ұғымды әр мәнінде қолданған. Ал, тобыр болса, оның қолдану мағынасы біреу-ақ. Сондықтан ақын «көпті» «тобыр» демей, оған әр қырынан келген. Ол туралы ақын: «Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек», – деп көптің мәндері көп екендігі туралы сөз айтып кеткен.

Көптің бірінші мәні: ақын оны «тобыр» деген ұғымда қолданған. «Көп шуылдақ не табар, билемесе бір кемел...» дегенде, көп тобыр мәнінде қолданылған.

Абай халықтың тобырға айналмайтындығын, ал көптің тобырға айналуы мүмкін екендігін еki шығармасында ашып берген. Біріншісі, «Масғұт» поэмасы. Мұнда көп – тобыр (толпа) сияқты. Тобыр халық емес. Себебі, ақылынан адасқан көпті халық деуге болмайды. Поэмадағы ханы, уәзірі бар жүрт – әрине, халық. Ол не істесе де ақылмен, санамен шешілген, ал көп ақылынан ауса, онда халықтың сана жойылады, көп есірік деген дертке душар болады. Бұл мәнде біз тобыр туралы айта аламыз. Көп екен деп, тобыр сөзіне құлак асуға болмайды, Абай осы халді былайша айтқан:

Көптің бәрі, осындаі, мисал етсең,  
Көп айтты деп алданып, уағда күтсөң.  
Ғапіл бол, көп нәрседен бос қаласың,  
Аңдамай көп сөзін жүріп кетсөң.

Абай халқын көп кесапттан қашшама сактағысы келіп, шырылдағанмен болар іс болып, қазақ халқы, сірә, мандаійна жазғаны сол болуы керек, өз тағдырын жеңе алмай, тарих тәлкегіне түсіп шықты. Ақынның өз тілімен айтсақ, «Ермен шықты ит қылып, бидай шашқан егінге».

Көптің екінші мәні: Абай «көп» деген ұғымды тек тобыр емес, көпшілік, жұрт, қала берсе халық деген мәнде де қолданған.

Көптің бәрін көп деме, көп те бөлек,  
Көп ит жеңіп көк итті күнде жемек.  
Ғадәлет пен мархабат – көп азығы,  
Қайда барсаң болып бақ, соған көмек.

Көп туралы екі ой айтылып отыр. Көп адасқанмен оның қамын ойлау, оған қызмет ету – өзге мәселе. Мәрхабат пен әділдік көп үшін керек. Олар – ақын үшін көптің азығы. Әділләттілік – қашанда жұрт еңсессін көтеріп, санасын оятатын күш. Олай болса, көпке адап қызмет ету керек, оның мұддесіне орай іс істей – адамдық борыш. Себебі, «Көптің қамын әуелден тәнір ойлаган, мен сүйгенді сүй, ол да сүйсін». Тәнірі ойлаган көптің қамын, сен де ойласаң – сол тәнір жолында болғаның. Көпке қарсы шығу–тәнірге қарсы болу. Қолыннан келсе «харекет қыл, пайдасы көпке тисін», – дейді Абай. Оның бұл пікірі халықтың «көпке топырақ шашпа» деген мақалымен үндес келіп отыр. Көптің үшінші мәні: көп адасады, қателеседі. Алтын мен жезді ажырата алмайды. Мұндай жағдайда не істей керек? Абай бұл сауалға он төртінші сезінде жауап берген. Ол жүректі кісі деген кім дегенге талдау жасай келіп, қазақтың жүректі кісі деп батырды айтуы жеткіліксіз екенін айтты, нағыз жүректілік адасқан көптің атының басын бұруға жараган әділләтті және ақылды азаматты айтады. Мұндай адамдар ел ішіндегі – единицалар және тұлғалар. «Еденица нөлсіз-ақ, өз басындық болар сол», – деп Абай халықтың біртуар азаматтарын единица деп атаған.

Адасқан көптің атының басын бұратын адамдарды қазақ халқы көсем деген (ол хан, сұлтан, би болуы мүмкін). Осы жайларды ескертіп, қазақ «жузден шешен, мыңнан көсем шығады» дейді.

Көсемге қарағанда ел ішінен шешен жиі шығады. Адасқан көптің атының басын бұратын единицалар, көсемдер сирек кездеседі. Олай болса оларға құрмет те бөлек.

Шебер – Алла есімі, Әлемді жаратушы да, оның иесі де Алла. Өмірдегі барлықтың бәрі Алла әмірімен болмақ. «Мың сан ғалам», – деп азыз тілімен айтсақ, соның бәрін бар етіп, өмір сүргізіп, біріне-бірін тәуелді еткізіп, тіршілікке қуат, нәр беріп тұрған – Алла.

Дүние деген түсініктің өзі жоқтықтан емес, барлықтан тұрады. Жоқ нәрселерден дүние құрастыру бос әуре, дүниенің растығы оның нақтылы заттардан құралғандығында. Дүние дегеннің өзі барлықтың синонимі тәріздес. Жоқ нәрсенің бір-ақ мәні бар, ол оның жоқтығы, ал бар заттың мәні көп, қасиеттері қисапсыз, өлшеусіз. Бар нәрсенің тек барлығын мойындалап кана құтылмасаң, оның баршама сипатын түгендеу адамзат баласының қолынан келер іс емес. Бар заттың, яғни дүниенің сыры тек бір Аллаға мәлім. Егер ол бар болмыстың атауы десек, дүниенің сыры – Алланың кереметі. Олай болса, өмірге форма беруші бір затты өзгеден өзгеше етіп, дүниедегі заттар мен құбылыстарды әрқайсысина тек өзіне ғана тән қасиет беріп, қайталанбайтындей етіп жаратушы құдіреттің шеберлігі алдында бас иеміз.

Адамның өзі әлем құпиясы, оның өзі – шебердің қолынан шыққан рухани зат. Нагыз шебер Алла болса, адам – осы шеберліктің сапалық өлшемін көрсете білетін қасиетті тұлға. Демек, Алланың шеберлігі әлемге ие болуға талпынысы, ынтасы, нұрлы ақылды, жылы жүрегі, ыстық қайраты бар адамды жаратумен анықталады. Адам мен Алла бірі шеберліктің аса үздік туындысы болса, екіншісі жаратушы, яғни шексіз шеберліктің иесі. Шебер деген Аллаға ғана лайықты. Әдетте он саусағынан өнер тамған жандардың шеберлігіне таң-тамаша болған жұрт айтпаушы ма еді, – бұл шеберлік адамға табиғаттың, Алланың, құдайдың бергені, – деп. Осы түсінік барлық діни қағидаларда бар. Христиандар да талант құдайдан десіп жатады. Адамға қалатыны – оқып-үйрену, жаттығу. Талант, дарын құдайдан. Мен талант, дарын, данышпан деген ұғымдарды бір сөзben шеберлік деймін. Абай жер жүзін безендірген тәнірім шебер деп

отырғанда, саусағы майысып іс тігуді, не ағаштан түйін түюді айтып отырған жоқ. Ол қара жер мен аспанның ортасындағы дүниеге нұрын төгіп тұрған шеберді айтады. Сонда шеберлік дегеніміз – сана мен заттың, ақыл мен сезімнің, рух пен тәннің, мүмкіндік пен шындықтың тұтасып барып, ажырамастай, бір құбылысқа айналған кезінде аңғарылған адам еркінен тыс, Алланың құдіретін білдіре алатын өлшемнің мөлшері.

Шеберлік деген шексіз десек, ол адам болмысынан тыс түсінік. Шеберлік – адам дамуының еркіндігінің кеңістігі. Шеберлік адам үшін шексіз. Шексіз деген – Алла сыры, оның мәні адам үшін де, адамзат үшін де жұмбақ. Адамға қатысты таң қалу, таңдану, ләzzат алуды шеберлікті мойындау деп ұғамыз. Біз көбіне шеберлікті ләzzат алу сияқты жағымды сезімдер арқылы анықтауға дайын тұрамыз. Асылында шеберлік мәнінде құмарлық жатыр. Діни аныздарда да Алланың өзі адамды құмарлықпен жаратқан. Содан барып әлемге махаббат орнаған. Біз сөз етіп жүрген «Жазғытурым» деген өлеңде Абай құмарлық туралы:

Күн – күйеу, жер – қалындық сағынысты,  
Құмары екеуінің сондай күшті, –

дейді.

Осы құмарлық негізінде: масатыдай құлпыраар жердің жүзі, жайрандасып жас құлер құрбысымен, көрден жана тұрғандай кемпір мен шал, жалбандасар өзінің тұрғысымен, жыршы құстар әуеде өлең айтып, қиқу салар қаз бен қулар, күн күйсүін жер көкsep ала қыстай, біреуіне біреуі қосылыспай, көнілі күн лебіне тойынған соң жер толықсып, турленер тоты құстай. Мұның бері – тәнірі ісі, соның шеберлігі. Абай:

Тамашалап карасаң, Тәнірі ісіне,  
Бойың балқып, ериді іште жігер, –

дейді.

Біз жоғарыда адам шеберлігі шектеулі, Алла шеберлігі өлшеусіз дедік. Осы қағиданы құмарлық арқылы түсіндіріп

көрейікші. Мысалы, адам қанша шебер болғанымен, ұрпақ өсіруге сонша ынтық болғанымен де, өз ақылымен, зердесімен ойлау арқылы қолдан адам жасауға қаунары жоқ. Баланы адамға Алла береді. Табиғатсыз адам жасау адамның қолынан келмейді. Егер де адам өз құдіретімен адам жасауға жеткенде дүние бұзылып, адам адам емес күйге өтері хақ, сірә ақырзаман деген сол болар. Себебі, адамның Алла сырын ақтаратып, онымен тайталаса түсуіне құқы жок. Мұндай жағдай бола қалғанда адамның кім екенін, Алланың кім екенін тану күн тәртібіне түседі.

Асылы адам мен Алланың арасындағы қашықтықтың әманда сақталғаны жөн. Ол қашықтық – адамның еркінің даму кеңістігі, адам кеңістігі. Бұл кеңістік ауқымы ұлғайған сайын Алла да адамнан қашықтай берсе керек. Себебі, Алланың шебер екендігіне адам сенген сайын оның шексіздігі, сезінуі айқындала түспек.

Абай «Жазғытұрым» деген өлеңінде әншіейін көктем суретін бейнелеп қана бермеген. Ол бұл жазғытұрымғы Алланың шеберлігін жырға қосқан. Мұндағы лирикалық геройлар Күн – күйеу, жер – қалыңдық, кісімсіген Жұлдыз бен Ай, жылы жел, әке Аспан т. б. мәнгілік ұғымдар. Осының бәрінің ретін тауып, «Безендірген жер жүзін тәнірім шебер», – дейді Абай.

Ислам дініндегі аныздарға (мифологияға) қарағанда, шайтан Аллаға қарсы шыққан. Бірақ, бұл мәселеде бір нактылық қажет сияқты. Ибіліс сияқты әңгімелерді мұқият тындаған адам жалпы оның Алланың өзіне қарсы емес екенін ұгады. Ол Алланың өз құдіретімен балшықтан адам жасап, оған «жерді» меншікке бергеніне қарсы. Себебі, шайтан періштерел сияқты оттан жаралған. Оларды да өз құдіретімен Алла жаратқан. Оның үстіне шайтан бұрынғы періште. Ол Адамға иман келтірмегені үшін «шайтан» атанған. Алла тағала балшықтан адам жасап, барлық періштереге оған иман келтіріндер дегенде тек Ибіліс қана Алла әмірін орындаудан бас тартқан. Ол менмендікке салынып, оттан жаралған адам (жан) балшықтан жаралған адамға тағым етуге болмайды деген. Шынында Ибілістің осындаш шайтандық жолға түсіу де – Алла әмірі, оның құпиясы. Сірә, жаратушыға

періштeler мен шайтандар қажет болғанға ұқсайды. Себебі, Алла қаһарына ұшырап, періштeler мекенінен қуғындалғанмен, ол жаратушысынан ақырзаманға шейін адамдар ісіне араласып, азғындық, бұлік жасауға рұқсат алған. Ондай ерікті шайтанға Алла тағаланың өзі берген. Сондықтан Ібіліс әрекеті Аллаға қарсы емес, адамға қатысты. Ол адамдар арасында ғана өмір сүрмек. Демек, адам бар жерде шайтан бар. Адам қандай іс істемесін, оның әрекеттеріне міндетті түрде шайтан араласпак. Шайтан араласпаган адам ісі кемде-кем. Шайтан сәбиге жоламайды, себебі періште күзетшісі бар. Шайтан адамның есі кіріп, күнә жасауға мүмкіндігі болған жастан бастап, оның әрекетіне бел шешіп араласады.

Әзәзіл-шайтан дұниенің қызығы болып көрінеді. Дұние қызығына құмар жан шайтанның құшағынан бірақ шығады.

Не болса да Алла әмірімен орындалмақ, онда шайтан әрекеті де өзге күштің ықпалы емес. Сірә, шайтан топырақтан жаралған адам рухының сыншысы шындық па деген пікірге еріксіз келесін.

Адамның есі кіріп, ойлау қабілеті оянғанда, оның даму еркіндігі ашылады. Бұл – адамға Алланың берген қазынасы. Еркін адам еркін ойлайды, еркін іс істейді, бірақ бұл еркіндік өзін өмірге әкелген құдірет иесін ұмытып кетуіне жол бермеуі шарт. Алласын ұмытқан жан шайтандыққа душар болады.

Менінше, шайтан туралы айтудан гөрі шайтандық істер хақында сөйлеу женіл. Өйткені шайтан өзінің кім екендігін іс-әрекеті арқылы білдіреді. Ал, оның істері дерексіз емес, нақтылы адамның іс-әрекеті арқылы көрінбек. Қысқасы, шайтан өзінің істерін өз басынан өткізбейді, оның көрініс табатын жері – адамның сөзі, мінезі, құлқы, іс-қимылында. Сонымен шайтандық дегеніміз адамның іс-әрекетінде анықталғандықтан шайтан деген адамнан тыс құбылыс бар ма деген сұрақ туады. Мүмкін шайтан адам баласының бір қыры, оның санасының көленкесі, сенімнің қойыртпағы, есінің ескіргені, қиялның құбылмалы көрінісі емес пе?

Шайтан – өмірге адаммен бірге келіп, адамның санасы оянғанда бой көрсететін көрініс.

Шайтанның ең ұнатқан, ұялаған жері нәпсі. Себебі, нәпсі – ақыл, санаға ырық бермей, адамның өмірге құштарлығынан туатын құйтырқы сезім. Нәпсіге ие болып, оны ноқталуа үшін адамзаттың ойлап таппаған айласы қалмады. Әулиелік те, дәруіштік те, монахтық та бәрі-бәрі осы нәпсіні жеңу үшін жасалған харакеттер. Бар елде нәпсіні жеңіп, такуалық жолына түскендерді «әулие» деп пір тұтқан. Сонда нәпсіні жеңу – адамның өз бойындағы шайтандықты жеңіп, одан арылуы. Бұл осал шаруа емес.

Бізге шайтан туралы идея аса қажет. Ол болмаса адам табиғаты ашылмайды. Өйткені шайтанға қарама-қарсы періште. Демек, періштенің мәні шайтан арқылы анықталмақ. Бірі зұлымдық иесі болса, екіншісі – пәктік иесі. Сонда бұл да – адамның бір-біріне қарама-қарсы бағытталған мінезі. Осы екі мінез синтезінен нақтылы жанның адамдық әрі адамгершілік қасиеттері көрінбек. Адамға баға беру осы екі мінездің қайсысының басым екендігімен анықталады.

Бұл істер көркем образдар, салт-дәстүрлер, ырым-ғұрыптар, аңыз-хикаялар арқылы толығып, өндөліп отырады. Тіптен сөйте-сөйте нақтылы шайтан образы, періште образы жасалған. Олардың мәдениет тарихында есімдері де бар, мысалы, шайтан образы Ібіліс, орыс мәдениетінде Демон, періштелер Жәбіреіл, Әзіреіл, Мекайіл, Исрафил т. б.

Адам шайтан да емес, ол періште де емес. Абай: «ел бұзылса, салады шайтан өрнек», – дейді. Демек, ел бұзылмауы керек. Егер ел бұзылса, оның еркіне шайтан да ие болмақ. Елді бұзып отырған адамдардың шайтандық қылықтары, сондықтан қазақтардың арылатын кеселді ісі – шайтандық.

Абай заманында ел бұзылған. Билігі басынан кетіп, өзге жүртқа бодан болған халықтың бұзылуы түсінікті. Билемшілер әманда өз тәртібін орнатуға мүдделі. Тұрғылықты халық өз бітім-болмысын, салт-дәстүрін, күн көріс харакетін сактап қалуға ынталы. Абай өмір сүрген мезгілде осы екі бір-біріне қарсы бағыттар ел ішінде көріністер беріп жатты. Қара халық кімнің етегінен ұстарын білмей адасуда. Ел біліктілері, естілері өзі есалан қүйде, орысша оқып, оның тұрмысына еліктең, дініне

кіріп мұлдем қарасын батырайын десе, қазақтарын қайда қоймақ. Қазақы тұрмыста қала беруге тағы да болмайды. Дұрысы тұрмысқа, жана тәртіпке бейімделген жөн, яғни «пысық» болуы керек. Пысықта ел, халық деген сана жоқ, оның бар ой-арманы жеңіл пайда. Ол жеңіл пайда үшін туған әкесін сатуға даяр. Бұл заңдылық отаршылдыққа түскен барлық халықтың басында болған.

Ел бұзылды, оның себебі қазақ халқы отаршылдыққа, құлдыққа түсті. Езілуге, езгіге жағынып, өзінің құл болғанын бұлдайтын кездер болды. Сондайлардың алдынғы тобы Абай тұсында өсіп шықты.

Абайдың «ел бұзылса, салады шайтан өрнек» деп бейнелеп айтқан ойын талдасақ, шайтан өрнекті катар салатын екі күшті айқын анғарамыз. Бірі – жоғарыда айтқан жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақ сияқты қаптап өсіп шығатын пысықтар. Олардың шайтандығы надандықта. Надандық – шайтанның азығы. «Наданның сүйгені – көп пен дүрмек», – дейді Абай. Надандық пен ақылсыздық бір емес. Надандық ақылсыз адамның іс-эрекестінен көрінеді. Надандық адам рухына кереғар жасалатын іс-эрекет. Надандық тек білместіктен жасалмайды, ол білгендейден де туады, бұл мәнде надандық жауыздыққа айналады. Саналы түрде ақылмен жасалатын іс надандық емес – жауыздық. Осындай шайтан өрнектер (надандық, жауыздық) Абай заманында болған.

Ел бұзылған кезде пайда болатын тағы бір шайтан азығы – үрей. Ол – адамның еркін билеп алатын аса қауіпті дерт. Отаршыл қазақ халқын құштеп басып алғандықтан үрей үстемдігін әбден орнатты. Әу деп бас көтерсөн кезенген мылтық, одан қалса тар қапас түрмеге душар боласың. Адамды құнәсіне сай жазалап соттау дәстүрі бұзылды, жана тәртіп орнықты. Адам өзі не үшін жазықты, не үшін жазықсыз болатынын білмей дал болады. Сондықтан «тыныш жүру» деген философия қалыптасып, үрей бойды кернеп алды.

Кейін кеңес үкіметі жылдары Абайдың түсіне де енбейтін шайтан өрнек құрды. Оны ақынның үрпақтары көрді, шетін біз көрдік. Шайтан өрнектін есімі – идеология. Қандай болмасын

идеология, ол жалған сана. Қандай болмасын идеологияның негізінде үрей жатыр. Үрей бар жерде шайтан әманда өрнек құрып жүреді. Үрей – шайтанға жасалған мүмкіндік. Үрейден арылмайтын адам еркін адам бола алмайды. Үреймен енген сенім арқылы адам адасады, шатысады, – дейді хакім Абай.

Абайдың «мұнды шайтан» деген ойға зер салсақ, көдімгідей шайтанға аяушылық білдіреді, себебі «мұн» – моральдық түсінік. «Мұнды жан» – ауыр ой дертіне ұшыраған адамға қатысты айтылады. Мұның түкпірінде қайғы жатпақ. Қайғыдан мұн туады. Қайғысы мұнға айналатындар азшылық. Қайғы тарқап мұнға айналмай бұрынғысынша өмір сүре беретіндер көпшілік. Мұн – адамның дүниеге көзқарасын, дүниетанымын білдіретін өлшем. Көпшіліктің дүниеге көзқарасы бар да, дүниетанымы жоқ. Көпшілік әдетте өмір дүрмегімен элең болып журе береді. Ал, өмірге, дүниеге көзқарас күрделеніп танымға айнала бастағанда адамды мұн басады. Сонымен мұн дегеніміз – дүниетанымға қатысты қолданылатын моральдық-философиялық ұғым.

Абайдың айтып отырған «мұнды шайтан» туралы сөзін нақтыласақ, шайтанның дүниетанымы туралы сөз.

Шайтанның дүниетанымы – арнайы әңгіме бола қоймаған тақырып. Бұл өкінішті іс, себебі өмірді, Алланы, адамды шайтансыз түсіндіру, тану – мүлде болмайтын іс. Шайтан – адамның болмысы мен санасының аса қажетті қасиеті. Шайтанды, шайтандықты айтпай өмір қызығы туралы сөз бола ма? Адам шайтандықса салынып, не оның шырмаяуна түсіп күнәлі болмаса оның дінде (діндерде) не қадір-қасиеті қалмақ? Қандай болмасын дін адамның күнәсінен негізделген. Күнәсі болмаған, болмайтын адамға діннің еш қажетті жоқ, ол – өзінен-өзі Алланың жолындағы жан. Діннің барша қуаты адам бойындағы болатын, болуы мүмкін күнелардан тазартуға не сақтандыруға бағытталған.

Адамды күнәға бастайтын шайтан. Адамға ауа, су, тағы басқаның қажеттігі сияқты шайтандық та керек. Адамның «алпыс екі мың» тамырымен жүретін, ет пен терінің арасына ғана жайылмай, кейде оның еркін, жүрегін билеп, менгеріп салтанат құратын шақтары бар. Осы мезгілде шайтандық қауіпті. Шайтандық тек

өз үстемдігін құрса адамға қауіпті емес, шайтанның өзіне де қауіп. Себеп, шайтан өзінің шайтандық әрекеттерін періштемен жанталаса жүріп жүзеге асырмақ. Егер ол періштені жеңіп, өз өрнегін салып, жеке даралыққа жетсе, онда өзінің бойындағы мұнға айналып, тас бекітіліп қалған періштелігі оянып, шайтан өзімен-өзі күреске түсіп кетуі де ықтимал. Абай айтып отырған жоқ па, «мұнлы шайтан құдайдың құған жаны» деп. Бұл тегін айтылған сөз емес. Оның Ібіліс атанип, «лағнет қамытын» киоі, Адам дүниеге келуіне байланысты оның Адамды мойындауынан басталған. Қуғынға өз күнәсі үшін түскенмен шайтан құылған, былайша айтқанда, жапа шеккен жан. Бойында күнәсі, мойында «лағнет қамыты» бар. Бірак, ол Адамның бұрынғы періштесі емес пе? Осы жағдай шайтанды мұнлы қүйге жетелейді. Абайдың «мұнлы шайтан» дейтіні содан. Анығына келсек, шайтанның жағдайы ауыр. Біріншіден, ол шайтандығын мәлшерден тыс асырып жіберсе, дүние ойран болмақ, адам азып, мұлдем құрымақ. Адам болмаған соң, шайтан да жоқ. Бұл мәнінде шайтанның өз әрекеті түптің түбінде өзіне қарсы бағытталған. Екіншіден, шайтан өз күнәсін мойында Аллаға жалбарынып, адамға иман келтірсе, онда періштерел қатарына шығып, шайтандық істерін пышақ кескендей тыяды. Мұндай жағдайда тек шайтан ғана емес, адам баласы өмірге қызығушылығынан, ынтызарлығынан айырылады, адам өмір сүруге ұмтылмай өмірден (жалғаннан) тыс өмірге құлшынады. Ол – дүниені апатқа бастайтын түсінік. Сондықтан шайтан тек өзі үшін ғана емес, адам, дүние үшін де қажет. Демек, шайтандықта тек адам болмысына қарсы ғана емес, оған керекті қылықтар да бар. Мәселе, шайтандықтың мәлшерінде, адам баласының осы мәлшерін белгілей білуінде. Абай мүмкін «мұнлы шайтан» дегенде шайтанның осы халін сезген болуы керек.

Шайтан – Алланың ерекше жаратқан жаны. Алла еш құбылысты өз махаббатынсыз өмірге келтірмеген. Дүниедегі бар нәрсенің бәрінің өз қажеттілігі, керектігі бар. Рет-ретімен қалыптастан бұл дүниеде басы артық еш нәрсе жоқ. Шайтан да керек, періште де керек. Бұл – Алланың адамға берген еркі.

Шайтанды мұн басатыны ол Алла өзін қажеттілікпен жаратқанын, сол мәлшерден аспау керектігін біледі, сол білген-дігінен қайғыға түсіп, қамығады. Біз жоғарыда айттық, мұнның тұбі – қайғы деп, Абайдың «мұнды шайтан құдайдың қуған жаны» деп толғанып отырғаны да тегін емес.

Абай түсінігінде шайтанның өзі – адам құпиясының бір сипаты. Бұл сипат Алла мен құдай арасындағы байланысты бейнелейді. Шайтан – Адам алдында емес, Алла алдында қунәлі жан. Бірақ оның қунәлі болуына себепкер – адам. Алла шайтанды жойып жіберуге әмірі жетеді, бірақ оған құдай бармаған. Демек, шайтанның болмысы – табиғи қажеттілік. Шайтан адамның еркіне ынталы, ол сонда адамды аздырып-тоздырады. Адамның өркін сақтаушы, құзетші – періште. Оның қызметі – адамның сезім-санасына кіршік түсірмей, оны іргі істерге бастау. Демек, періште болмысы да табиғи қажеттілік, адамның зердесі осы екі істің бірін таңдау керек. Шайтандықты таңдаудың еш қажеті жоқ. Ол Алла әмірінен адамның тамыр-тамырына еніп, орын теуіп алған, әр адамның бойында шайтаны бар. Ал періштеге келсек, ол да адамның бойында бар. Оның тұрағы – адамның жүрегі. Сондықтан жүрек тазалығы дегенде біз періштеміз үшін қам жейміз. Егер де жүрек қарайса, онда періштенің төменшіктең қайғы жегендігі – шайтанның жүректе өрнек құргандығы.

Уайым-қайғы – мәндес ұғымдар, бірақ уайым үнемі қайғыға бастайды. Уайымы бар адамның қайғысы болмауы ықтимал. Кейде уайым мен қайғы тұтасып кетуі ғажап емес. Сонда уайым деген не?

Абайға салсақ: «Уайым – ер қорғаны, есі барлық», – дейді. Демек, уайым – ойлылықтың көрсеткіші. Уайымдай білген жандүние парқын сезінетін адам. Ойшыл данышпандардың бәрінде уайым болған. Ол – санаға тұртқі, ой ойлауға бастаушы адамның қасиеті. Уайым, сірә, жануарлар дүниесінде болмаса керек. Ел арасында ботасын іздеген Боз інген туралы аңыз бар, күй бар. Әйтсе де, ол адам сезімі арқылы бейнеленген жәй. Бозінген күй түйеге емес, адамға арналған емес пе?

Қазақ уайым дегенді екі мәнде қолданған. Мақал да бар емес пе, «Уайым тұбі – тұнғиық, батасың да кетесің, тәуекел

түбі – желқайық, мінесін де өтесін». Бұл мәнде уайым адамның дәрменсіздігі, уайымнан жақсы іс өнбейтінін айтса, сонымен қатар оның терең ой екеніне меңзейді. Қысқасы уайым ойға байланысты. Уайым әншейін ойлау емес, адамның өз басына, еліне жауапты адам ғана уайымдайды. Абайдың ер қорғаны уайым деуі сондықтан. Санасыз адамға уайым тән емес, ол уайым орнына өкініш білдіреді.

Ақылды адам өткен іске өкінбейді, қапаланбайды, одан болашаққа сабак алады. Есті адам уайымдамайды, яғни бүгінгі күн болашақ туралы толғанысқа түседі, өзінің жауапкершілігін түсінеді. Уайымдау өткен өмір туралы емес, ақыл қорытудан, ойды сана тәлкегінен өткізуден аңғарылады. Кейде адамдар білместіктен әлденеге уайымдап отырмын деуі мүмкін, бұл тұста оның санасында уайым ба, әлде өкініш пе соны білген жөн. Мүмкін ол жан уайым мен өкінішті шатастыруы ықтимал. Сондықтан уайым көбінесе жеке адамға қатысты айтылғанмен, оның мазмұны жеке адам мұддесінен тыс болады. Бұл мәнде уайым ел алдындағы жауапкершілікті, жеке адам мен ел арасындағы бірлікті, білімділікті білдіреді. Уайымы жоқ жанның қара басынан өзге де жауапкершілігі жоқ. Ол ел қорғаны болатын ұл емес, есі бар дана емес. Абай уайым туралы осы мәнде айтса керек.

Болмыс, адам табиғатын түсіндіруге талпынған ойшылдар «су» мәселесіне жиі тоқталған. Бұл – дүние ағып жатқан су, оның бір болған көріністері енді қайталанбайды деген тұжырым. Дүниенің осындай тынышсыз сипаты адамды терең толғанысқа салады. Қазақ философиясында «терме» жанры осы «өмір», дүние дегенді ағып жатқан су екен деген негізге құрылған. Бұл – қазақ философиясында ертеден бар түсінік. Бұған Абайдың қосқан өзіндік үлесі қандай, соған тоқталайық.

«Дүние дегенің ағып жатқан су екен», – деп ақынның ағынан жарылуы ең алдымен оның білімін, парасаттылығын көрсетеді. Адамзат санасында бар білімді Абай менгерген, оның түсінігімен жеткен. Одан әрі айтарымыз ақын бұл сананың адамға өмір туралы женіл-желлі түсінік әкелмей, қайғыға салатынын айтқан.

Бұл – Абай ұғымы. Өмір болмысына тереңдеген адам одан ешқашан қызыққа кенелмеген.

Өмірдің «жалған өмір» атанауына да сондай бір дәлел, ұғымдар болса керек. Дүниені өткінші принциппен түсіндіру «мәңгілік өмір» идеясына әкелген. Бұл идея көп діндерге ортақ. Жалған, яғни қысқа шолақ өмір және мәңгілік өмір туралы ойлар көктен түспеген, адам болмысынан туған. Адам ұғымы қысқа әрі қайталанбайды, ағып кеткен су сияқты, бірақ, судың мәнгі жойылмайтыны сияқты адам рухы да мәңгілік. Су ағып кетіп, су емес қүйге айналғанымен өмір сүру нәтижесінде өз қызметін айқындаиды. Дәл сол сияқты адам ғұмыры қысқа болғанмен, оның рухы адам кейпінде болса да әлемнен жойылып кетпейді. Оны қазақ аруақ дейді. Мен «аруақ» деген идеяны тек ислам дінімен анықтағанға қосыла қоймаймын. Аруақ философиясы діндерден бұрын қалыптасқан, кейінрек діни философияда логикалық талдауға түскен адам болмысындағы мәңгілікті бейнелейтін құбылыс болып қалыптасты.

Аруақ туралы ой болмаса өмір, дүние хақында ұғым тым келте болар еді. «Жалған» мен «Мәңгілік» өмір арасы қарапайым тілмен айтқанда жер мен көктей, осы кеңістікті тілге тиек ететіндер «ауыр ойды көтеріп, ауыратын жандар», оларды біз данышпандар дейміз.

Өмір, дүние туралы толғанысқа түскен адамның тиянақты тұжырымға келуі – екіталай іс. Дүние болмысы туралы мінсіз ой қалдырған данышпан жоқ. Олардың бері терең сөздер айтқан, бірақ ешқайсысы өмір мәнін ашып бере алмаған. Өмір мағынасы Кант тілімен айтсақ, «өзіндік зат», біздің айтып жүргеніміздің бері – дүние туралы бағыт-бағдарлар.

Сондықтан ойшыл-данышпандарға дүние болмысы туралы толғаныс қайғыға бастап апаруы – занұлық. Өмірдің мәні, сіре, оның жұмбақтығында, адам санасынан тыс құпия болғандығында. Өмір мәнін бір данышпан ашып кетсе, өзге данышпандарға не қалмақ. Осы тұрғыдан алғанда данышпандықтың өзі – өлшеуілі ақыл шектеулі сезімнің синтезі. Данышпан айтты деген сөз ақиқат емес, соған барап жолдың бағыты – ақиқат.

Бізге данышпандардан керегі – сол. Ал, адамға бұл дүниеде не керек. Оған өмір керек. Басқа еш нәрсенің қажеті шамалы. Өмір деген – адам болмысы, оның тіршілік көністігі, өрісі. Зерделі жан өз болмысын даралай алуға талпынады, «өмірдің алды ыстық, арты сұық. Алды ойын, арт жағы мұнға жуық». Өмір сүру қажеттілігін мойындау керек.

Өмір сүрге ынта еткен адам қандай нәрсенің керектігін өзі-ақ анықтай алады. Тек адамға өмір сүрге еркіндік берілуі керек. Еркін адам өмір сүру қажеттілігін өзі сезбек.

Әр адамның бойында періште де, шайтан да бар. Өмірде періште жан емес, шайтан адам болмақ емес. Адам болғаннан кейін оның табиғатында періште де, шайтан да бар. Мәселе қайсысының билік құруында.

Адамға керек істі періште де ұсынады, шайтан да ұсынады. Адам қайсысын қабыл алмақ, мәселенің қындығы – сонда.

Шайтан сөзіне еріп, аяғын шалыс баспаған адамды дүниеден таппайсыз, егер де ондай жан болса, ол – өміріндегі шайтандықты білгені. Бұл оның рухани кемтарлығы. Керісінше, періште болса оның дымын шығармластай етіп, аузын буып тастаған, бойын мұлдем шайтан билеген өмірде кездеседі. Сонда байқайсыз ба, адам баласы періштеліктен гөрі шайтандыққа бейімдеу. Неге дейсіз ғой, бұл сұраққа барлық заман данышпандары жауап берумен келеді. Бірақ, айқындылық жоқ. Құнды-құнды пікір бар, алайда нақтылы тұжырым жоқ. Бұл сұраққа жауап берілсе, адамның құпиясы айрандай ақтарылмақ, өмір мәні айтылмақ. Бұл – ешқашан болмайтын іс. Адам құпиясы, өмір сырьы – мәңгілік жұмбак, сондықтан да Абай сияқты данышпандар осы мәселеге келгенде қапа болып:

Қапамын мен, қапамын  
Қуаныш жоқ көнілде.  
Қайғырамын, жатамын,  
Нені іздеймін өмірде? –

деуі орынды.

Тек қана бір ескертпе, осылайша ой толғау үшін адам тіршілікten биік болуы керек. Ондай жанды біз данышпан деп атایмыз.

Абай өз заманы туралы да, әрі ез туыстары жайлы да қатты айтқан. Өзі туралы көңілінің тоқ кезі – тек жастық шағы. «Жасымда албырт өстім, ойдан жұмбак», – деп, ол ойсыз өткерген өмірін ғана қаны қараймаған, жаны жараланбаған дәүірге жатқызған. Ал, санасты сараланып, ой кіргеннен бастап, кешкен ғұмыры – азап. Өзін-өзі азапқа салу – данышпандар болмысы. Ақылды жанның қайғысыз өмір кешуі мүмкін емес, оның үстіне ғұлама тек қана ойшыл ғана болып қалмай, періштеге қызмет ететін ақын болса, Абай әрі ойшыл, әрі ақын, сондыктан, мынау қиуы кеткен тұрмысты көріп отырып, ұлгісі болашаққа құлаш ұрған еркін, арман-қиялсыз жетелеген жетім ботадай әлдебір күштің, әлдекімнің жетегінде кетіп бара жатқан халқын көргенде, қандай асқақ шабыт, қандай романтика болуы мүмкін. Бірақ, осы сөз болып отырған өлеңде Абай қофам, халық туралы айтып отырған жоқ, бар мәселе жеке өзіне тіреліп тұр. Әдебиетшілер бұл лирикалық геройдың толғанысы дер. Жоқ, олай емес. Бұл жерде мәселе лирикалық геройда ғана емес, тіпті қажет десеніз осы өлеңде ешқандай лирика жоқ. Бірақ тұлғаның (субъектінің) дүниетанымдық толғанысы және де әлдекандай дерексіз, аты-жөні жоқ біреудің емес, Абайдың нақтылы дүниетанымдық ой-тұжырымдары. Ол ештемеге алаң болмай, әлек болмай, өзін ішкүса қылған ойларын ақтара салған. Оны өзі де анғарады да өлеңді: «Сырымды тоқтатайын айта бермей», – деп аяқтайды.

Ақынды қинап отырған – бір-ақ мәселе, ешкімнің түсінбейтіні, яғни жеке өз басының қайғысы болса, мәселе сонша күрделеніп «қаны қара бір жанмын», – деп күніренбес еді, жағдайдың ауырлығы сонда – осынау бір қайғылы болмысты басқалар да ұқса немесе ақынның айтқанын тыңдаса, тіптен болмаған жағдайда ойдағысын толық айтып кетуге ерік берсе гой. Жоқ, не тыңдамайды, не ермейді, не ақынға ерік бермейді. Сонда осыншама ойды, ерікті тұншықтырып тұрған не, немесе кім? Ол – тағдыр.

Адам өзін-өзі женуі ықтимал, ал тағдырын жеңе алмайды. Біз тағдыр дегенді сырттан таңылатын күш деп ұшқары түсініп

келдік. Рас, тағдыр – фаталистік мәндегі күш, бірақ бұл оның бір түйіршігі ғана, одан өзге тағдырды құрастыратын, жасайтын күш те бар. Абай солар туралы айтқысы келіп, шарасыздық білдіріп, өзін-өзі қиналысқа салып қанының қарайғанын жасырмagan. Әрине «тағдыр» деген мынау екен деп Абай жіліктей берсе, оған қарап тағдырга мен де анықтама берсем, онда тағдыр дегенді ойыншиққа айналдырығандық болар еді. Мәселе, олай емес, тағдыр адамды талқыға салады, оны толғандырады, қапаландырады, ойландырады, қуантады және неге бұлай болды деу бір сөзben айтылатын жай емес. Жалпы мәселенің тас-талқанын шығарып, оны түсінікті, ұғынықты қылып тастауға әуестенушілік ақылдылықтың белгісі емес. Ақылды адам ақылдың шектеулігін сезінеді. Соңдықтан да ол тағдырды да, болмысты да өзінше жете түсіне алмай қапа болады. Бұл – заңдылық. Бірақ оны ұғып түсінуге әркімнің өресі жете бермейді. Әлемдегі біршама құбылысты қолмен қойғандай түсіндіріп берген адамды ақылды деу – даулы мәселе. Ақылды адам – әлемнің тылсым екендігін, яғни сол тылсым дүниедегі өз орнын анықтауға ынталанған жан. Әлем сыры – Алланың құпиясы, ғылым тілімен айтсақ, табиғаттың құпиясы. Адамға табиғат Алланы білмекке құмарлық берген. Бірақ құмарлықты өлшеусіз беріп, білуді шектеген, соңдықтан адам болмысында қайшылық бар. Ол – құмарлық пен білместіктің арасындағы қайшылық.

Абай білместікке өте құмар жан, алайда ол өз құмарлығын әманда тежеуге мәжбур. Өйткені, ол жүргегінің мұз болатынын, амалсыз тағдыр бір күн кез болатынын, өткір тілді бір ұялшақ қызы болатынын біледі. Олай болса өзінің бұл өмірден орнын анықтауға тырысып баққан. Байыппен қараган кісіге ақын өмірден түңілмеген, бірақ өмірдің мәнсіздігі туралы ой қозғаған «ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей, мен келмеске кетермін түк өндірмей», – деп кәдімгі Батыста айтып жүрген экзистенциализмге де салынған. Бұл жақсы ма, жаман ба, акынды мақтағанымыз ба, әлде даттағанымыз ба? Ойлаймын, екеуі де емес. Әңгіме Абай дүниетанымы туралы, бұл мәселенің қойылышы – сонымен құнды. Бізге қажеттісі – әлемге Абай көзімен

қаралу. Сол арқылы ақынды тану. Абайдың өлеңдерінің түсінігі күрделі, ал сол түсінікті түсіндіру мүмкін емес, біздің айтып отырганымыз үнемі Абай түсінігі болып шықпаудың, себебі біз ақыннан кейін әлемдік мәдениеттен өзге кітаптар оқыдық, философияның арғы-бергі тарихымен таныстық. Сондықтан Абайдан кейінгі айтылған ойлар ақынның дүниетанымын талдауга еріксіз араласа береді. Олар Абайды тануда кей сэттерде өте болысады, ал кей мәселелерде бөгет жасайтындары бар. Мысалы, Абайдың «Қаны қара бір жанмын, жаны жара», – деген ойын түсінуде қазіргі Еуропалық философияның еш қажеті жоқ. Қаны қарайды деп атам қазак ертеден айтып келеді. Оның мәнісі бар. Қанының қарауы басқа түсін ауыр қайғыны білдіреді. Бұл қазақта түсінікті, себебі халық ұғымында қайғы ортақ. Абай болса өзге жүрттандырып, «каны қара бір жанмын, – деген. Мұнда ол өзінің дара, яки жалғыз екендігін баса айтып отыр. «Моласындей бақсының жалғыз қалдым тап шыным», – дейтіні де сондықтан.

Жалғыздық – даралықтың, данышпандықтың белгісі. Мың сан адамдардың ішінде жүріп жалғызырау, ол – адамның өзгелерден тым ілгері кеткендігі, теңін таптағандығы, Абай айтқан сөзін естір құлақтың болмағандығы. Жалғыз Абайдың рухани күйизелісі, оның қанын қарайтып, жанын жарапал тұрған – сол.

Үміт деген тірліксіз, мәнсіз ұғым. Әлденеден үміт ету үшін басты мәселе адамның тірі болуында. Қазақ «тірі адам тіршілігін жасайды», – дейді. Бірақ, Абай тіршілік дегенде кеудеден жан шықпаушылықты ғана тірлік деп мойындағы. Тірлік – ақын ұғымында әрекетті қажет ететін қуат. Бойынан қайрат, жігері кетпеген жанның көnlі анаған да соғады, мынаған да соғады. Адамның қуаты оған тыным бермейді. Міне, осы жағдайда үміт туралы айтуға болады. «Үміт» деген – болашақ туралы ой. Үміт – ойдың бағыты. «Үмітсіз шайтан», – дейді халқымыз. Адам баласы болған соң ол үмітсіз болмақ емес, кейде тіптен ауыр науқас та, хал үстінде жатқан жан да әлде нені ойлап, өмірден үміттеннеді. Үміт оты сөнген жерде ғұмыр жоқ. Үміт – жарық сәуле

іспеттес. Бір күндік ғұмыры қалған адам кемінде үш күндік өмірі туралы ойлайды. Адамның дүниеге келуі өзіне қатысты емес, ал ес жиып, санасы толған сайын оны алға жетелейтін – үміт. Ол деген сөз – болашақтан жақсылық іздеу, талпыну, жақсы адаммен кездесу, білім-ғылым жолына тұсу, сөй-тіп, өзін байытып, өзін өзге сыйлайтын дәрежеге көтеру, басқалар зор тұтатын ету. Өзін үлкен санаған адам тегін жан емес, демек, онда намыс бар. Егер ол намыска сай білімі, өнері, асыл қасиеттері болса, ондай жанға құрмет те ерекше болуы заңды. Осында үлкен адамдардың өмірде үміті зор. Олар көбінесе мәңгілік мәселелерді үміт етеді. Мысалы, Абайдың өзі айтпап па еді, «өлді деуге бола ма айтындаршы, өлмейтүғын артына сөз қалдырған», – деп. Демек Абай сияқты ұлылардың үміті – арттағыға сөз қалдыру. Ол – өз қамы емес, үрпақ қамы. Бұндай үміттерді асқақ үміттер деп айтуымыз керек. Сонымен бірге тіршіліктे қысқа тұрмысқа, бүгін мен ертенге орай үміттер де болады. Өмірдің ақиқаттығы сонда – ол тек ұлы адамдардан, асқақ үміттерден тұрмайды. Өмірде көзге көріне бермейтін күйбен тіршілік бар. Онсыз өмір жоқ, ақиқат та жоқ. Мұндай тіршіліктен жиренуге болмайды. Қарапайым адамдардың қарабайыр тұрмысы ұлы майдандарға, ұлы ерліктерге бергісіз. Өйткені күнбе-күнгі тіршілікте сөнсалтанат жоқ, кәдімгі өмір. Бірақ бар мәселе осы тұрмыста. Сондықтан кімнің де болмасын бұл өмірде бір үміті бар, оны біреу арман дейді, біреу киял дейді, біреулер бақыт дейді. Абай тірі адамның ісін – үміт дейді, яғни үміттену үшін ең алдымен тірлік қажет. Тірлік пен үміттің арасы – ғұмыр. Бар шындық, бар ақиқат осы ғұмырда.

Абайдың «Асқа, тойға баратұғын» – деп басталатын сюжетті өлеңінің алғашқы шумағын оқығанда осы ойлар санаға орала береді.

Өлең он шумақтан тұрады. Бірақ оған негізгі арқау болып тұрған – осы үміт мәселесі. Біріншіден, шын ғашықтар мәселенің байыбына барып, олай болса қалай болады, бұлай болса қалай болады деп ойламайды. Оларда жалпы ой жоқ. Олар өмірді тұтас күйінде түсінеді. Бірі өліп кетсе, екіншісі үшін тұтастық жоқ, яғни өмір сүрудің қажеті жоқ. Ғашық адам өмір деп өзінің сүйген

арманын, ғашығына деген ыстық сезімін ғана мойындайды. Өзге шындық ғашық үшін жоқ. Тірі кездегі үміті сүйгеніне қосылу еді, енді ол іске аспағанда, өзі тірі тұрғанда сол үмітті өзгеше жүзеге асыруды мақсат етіп қояды. Онысы – ғашық жарымен бірге өлу, бұл ол үшін қиналыс, налыс емес – арман. Арманға өзін құрбан етіп жету – махаббат заңдылығы. Бұл – ғашықтардың дүниетанымы, оны сырт көз адам ұқпайды.

Екіншіден, Абай ғашықтар түсінбеген ақиқатты ашып бермеген. Ол ғашықтық деген – осы өмірдің қызығы, о дүниеде мұндай ғашықтық жоқ деп біледі. Мүмкін кеудеден ұшып шыққан жан өзге күйге ауысуы, оның болмысы өзгеруі әбден ғажап емес. Ғашықтық – осы өмірдің дүниетанымы, о дүниеде өзге азап, өзге қызық болуы ықтимал. Бірақ оны біз білмейміз, сезінбейміз. Нақтылы білетініміз – «Қыз» және «Жігіт» деген қара жердің бетіндегі, тірліктері ұғымдар. О дүниеде қыз да, жігіт те болмауы мүмкін. Абайдың:

Онда екеуі кез келсе,  
Бірін-бірі танымас, –

деуі тегін емес.

Бұл дүниенің адамы біздердің о дүниеден еш хабарымыз болмағандықтан, осы Абай сезіне тоқталып, рас о дүниеде ғашықтар бірін-бірі танымас, себебі жер бетіндегі қызық пен азаптың мәні өзгеше, мәңгілік ұғымдардың ақиқаты да өзге болады. Біз ғаламның құпиясына қол сұға алмаймыз, бірақ біздің білмейтініміз тірі адам тіршілігін жасаудан тоймайды, ол әрекетті – үміт дейміз.

Өлеңде Абай біршама мәселелерді қозғаған. Ол алдымен Алла дегенге сәл-пәл женил қараудан сақтандырған. Алла тек ауызben айтылатын ақиқат емес, ол – жүрекпен қабылданатын шындық. Алла туралы сөз айту көнілдің шындығын талап етеді. Бұл – бір мәселе. Келесі шумақта ақын «жүректің ақыл суаты, махаббат қылса тәнірі үшін», – деп махаббат туралы сопылық дүниетаным тұрғысында түсінік берген. Махаббат иесі – Алла, оны ұғыну үшін жүрек нәрлену керек. Ол жайды Абай «жүректің

ақыл суаты» деген. Үшіншіден, Алла ақыл арқылы танылмайтын шындық екенине баса назар аударған. Бір нәрсені ақылмен тану мүмкін еместігін Батыс Еуропада көптеген ғұламалар айтқан. Бірақ, Абай бұл мәселеде Батыс ойшылдарына еліктеп тұрған жоқ. Ол бар нәрсенің барлығы туралы ой айтқанда Ислам дүниетанымынан тыс кетпеген. Ислам философиясында Алланы ақылмен танудың мүмкін еместігін әлденеше рет айтқан. Абай бұл жағдайда «ақылға сыймас ол Алла, тағрипқа (түсіну, білу) тілім қысқа, ах» – деп суреттеген. Тіл қысқалығын, ақыл мүмкіншілігін ақын осылай бейнелеген. Бірақ, бар нәрсеге шүбә жоқ, барлықты жүрек арқылы сезінбекпіз. «Ақыл мен хауас (сапа, түр) барлығын білмей-дүр жүрек, сезе-дүр», – яғни сезімдік таным Абай дүниетанымында ерекше айшықталған. Осы басы ашық мәселе туралы өзінше қысынды ой айтпақ болғандарды «Бекер болса езе-дүр», – деп Абай үзілді-кесілді пікір айтқан. Себебі, бар нәрсені жоқ деп өзеуреген қашшама «ойшылдарды», босқа сөзді езіп, аяқ астынан мәселе тауып, ақылсынғанды ақын оқып та көрген, олармен кездесіп те байқаған. Абай Алланың барлығы туралы таласты бекер сөз деген. Ақын түсінігінде Алла – шүбесіз шындық, дүниедегі бардың есімі.

Әлімсақтан шешуін таба алмай келе жатқан өлім мен өмір (мәңгілік) бұл – ғұламаның ең өзекті мәселесі. Ғұламалардың бәрі осы нәрселердің себебін іздестіреді, бірақ толық жауап берген ешқайсысы болған жоқ. Бұл мәселеге Абай да жауап бермеген, тіптен алдына бұндай мақсат та қоймаған. Оның айтпағы санадағы «мен» және «менікі» дегендерді – бір-бірінен айырып беру. «Мен» дегенді қарапайым мәнде емес, құнтарлы философиялық ұғым ретінде қарастырган қазақтан шыққан Абайдан өзге ойшыл болмады.

Абай «Көк тұман алдындағы келер заман», – деп басталатын сегіз шумақ өлеңінің үшінші шумағында «мен» және «менікі» деген түсінік берген. Әрине, онымен философиялық түсінік беру, Шығыс поэзиясы дәстүрінде болғанмен, нақтылы түрде «мен» мен «менікін» ажыратуды біз Абайдан кездестіріп отырмыз. Өуелі Абайдың «мен» дегеніне тоқталайық: Ол «ақыл мен жан – өзім», – дейді. Сонда сырт көзге қарағанда, «мен» деген ақыл мен

жанның бірлігі болмақ. Бұл дұрыс, бірақ, ақиқат емес. Неге дейсіз фой? Біріншіден, ақыл мен жан дегеннің өзі не? Ақыл туралы біліп жазсақ та, білмей жазсақ та көп жаздық, көп айтамыз. Ол – адамның зердесінің, саналылығының, ой-қабілетінің өлшемі. Әдетте дұрыс шешім қабылданап, әлденені көре білгендерді «акылды адам» деп айтып жатамыз. Ал «жан» туралы сөз жұмбак, оның не екені туралы дұрыс түсініктің өзі қалыптаспаған. Тілімізде «шыбын жан», «жаным жаралы», «жанымдай жақсы көремін» деген т.б. түсініктер бар. Бұл қарапайым қатынастарда қолданылатын сөз тіркестері, бұларда дүниетанымдық философиялық сипат жоқ. «Жан» туралы ең құнарлы түсінік, оның тірі адамға қатысты айтылатыны, адам дүниеден өткенде оның қеудесінен жаны шығып кетеді. Тірі адамның жаны бар. Тіпті адамды қайтыс болды дегенде анықтаушы ретінде қолданылатын ұғым – «жан». Қеудесінде жаны жоқ, демек ол адам қайтыс болған. Ал Абай ақыл мен жанды бірге айтып, оны «мен» деген ұғыммен анықтай отырып, «мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан» деп, оны мәңгіліктің өлшемі ретінде қолданған. Рас, ақыл да, жан да мәңгілік, бірақ, олардың өмір сүру формалары өзгеше болмақ. Тек қана ақыл жансыз болмайды, ал жан ақылсыз бола ма, ол жағын Абай айтпаған.

Екіншіден, «мен» деген ұғымды ақыл мен жанның бірлігі бере алмайды. Ақыл мен жанның бір-біріне қарым-қатынасы, байланысы бір мәселе. Осы қарым-қатынаста менікінің катысы және бар. Демек, «мен» дегенде ақыл мен жанның қатынасын айтсақ және оған менікінің қатынасын қоссақ, содан барып «мен» деген толық ұғым қалыптасады. Абай бұл мәселені айшықты бейнелеген. «Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі», – деген. Ақынның «мен» өзім деп отырганы өзінің ақысы мен жанына қатысты. Абай тәнді – менікі дейді. Тәнді жаннан бөліп алған. Адам болған кезде тән мен жан бірге. Бұлардың бөлінуі өмірдің соңында болмақ. «Мен», «менікі» тұтас кезде адам – тіршілік иесі. Олар бірақ бір кезде сөзсіз бөлінбек, ақын осы халді баяндап отыр. Ойымыз түсінікті болу үшін шумакты толық келтірейік:

Ақыл мен жан – мен өзім, тән менікі,  
«Мен» мен «менікінің» мағынасы – екі  
«Мен» өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан  
«Менікі» өлсө өлсін, оған бекі.

Адам басына «арнаулы тассыншық күн» тәнгенде «мен» мен «менікінің» мағынасы өзгеріп сала береді. Тән өледі, яғни менікі өледі, жан мен ақыл «менге» айналып ғұмыр кешеді. Бұған тағдырының да күші жетпек емес, Абайдың «мен» деп отырғаны адамның рухы болса керек. Рух мәнгілік, нақтылы айтқанда, оны танитын адамдар болғанша. Адамдардан тыс жерде рухтың мәнгілік атануы, ол – біздің ақылымыздан тыс сана.

Абай «мен» дегенді айтқанда ешқандай лирикалық герой емес, нақтылы өз хақында айтып отыр. «Мен» өлмекке тағдыр жоқ, әуел бастан», – дегендे Абай нақтылы өзі туралы айтқан. Сөзсіз Абай сияқты жандардың «мені» ешқашан өлмек емес. Бұл – табиғаттың заңдылығы. Ұлы адамдар – бойларына ерекше қуат жинай білген жандар. Сондықтан олардың табиғаты, тәні өлгенімен, «мені» өлмейді. Ол қуат ұрпақтарға қажет. Мұндай тәртіп болмағанда адамзат болмысында даму, қозгалыс болмас еді.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Гылым, 1976. – 213-221-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Ақынжанов М. Абайдың қогамдық-саиси көзқарастарының қалыптасуы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССРҒА баспасы, 1954. – 65-84-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Тәжібаев Т. Жүргегімнің түбіне терең бойла. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 133-148-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктегі туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 100-143-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның ескен ортасы (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 168-203-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Ерзакович Б. Абайдың казақ музыкасына қосқан үлесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қалам қас. Әндер мен күйлер / құрастырып, музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 5-18-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Фабдуллин Б. Абай және Сократ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 159-173-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тариҳи және дүниетанымдық алғышарлары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты шығарушы философия гылымының докторы М.С. Орынбеков. – Алматы: Гылым, 1995. – 34-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Есім Ф. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 69-106-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 7-33-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.

12. Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.
13. Күзембаева С. Абайдың музикалық шығармашылығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы / жалпы ред. басқ. У.К. Қалижанов, ҚР ҰФА мүшіе-корреспонденті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 461-473 – беттер; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Жұбанов А. Абайдың музикалық мұрасы .....	3
Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси кезқарастарының қалыптасуы .....	12
Тәжібаев Т. Жүргімнің түбіне терең бойла .....	33
Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-біліктегі туралы .....	50
Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның ескен ортасы .....	94
Ерзакович Б. Абайдың қазақ музикасына қосқан үлесі .....	116
Ғабдуллин Б. Абай және Сократ .....	132
Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары .....	148
Есім Ф. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы .....	183
Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жапы мәселелері .....	223
Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы .....	240
Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары .....	252
Күзембаева С. Абайдың музикалық шыгармашылығы .....	267
Тұсініктер .....	280

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
V том  
Ойлар мен толғаныстар**

Күрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8888**

Басуга 24.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1510.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.